

Жаһандық диалог

5.3

Жылына 4 рет 16 тілде шығады

Билік және
принциптер

Уолден Белло

Әлеуметтік ғылымдар
мен демократия

Дипанкар Гупта

Адам күтіміне арналған
симпозиум

Брижитта Ауленбахер, Майкл Файн, Хильдегард Теобальд,
Яаойи Сайто, Роланд Атцмюллер, Альмут Бачингер, Фабиена
Дэкью, Себастьян Чиф, Даниел Вера Рожас, Элен Мур және
Джереми Сикингс

Әлеуметтану бүгін

- > Ресей әлеуметтануындағы жаңа бағыттар
- > Чех әлеуметтануындағы хал-ахуал
- > Қытайдағы еңбек саясаты
- > Әлеуметтік ғылымдардың әлемдік деңгейдегі
бағдарламасы
- > Кәсіптердің халықаралық болашағы
- > Начо, рахмет!


ЖУРНАЛ



Басылым 5/ Шығарылым 3/ қыркүйек 2015
<http://isa-global-dialogue.net>

GD

International
Sociological
Association



> Редакциядан

Қоғамға ашық және салыстырмалы болу

Журналдың осы саны Азия елдерінен, яғни бірі – Филиппиннен, екіншісі – Үндістаннан, жолданған көпшілікке танымал екі зияткердің эссесінен басталады. Уолден Белло саясатпен айналысушы/кетіп қалған әлеуметтанушылардың дәстүрін жалғастырып отыр. Өз кезегінде «Жаһандық диалог» Бразилияның президенті болған Фернандо Энрике Кардозо(GD3.4) мен Перу білім министрі Николас Линчпен (GD4.2) сұқбат жариялағаны мәлім. Белло парламенттегі филиппин оппозициясының өкілі болып табылатын Ақбаян партиясын сипаттайтын қарама қарсылықтар мен ымыраласу талдау жасайды. Даму саласындағы беделді сарапшы Белло Әлемдік банктің бұрынғы филиппин диктаторы Маркоспен ауыз жаласқанын, сонымен қатар өзі сол кезеңде мүшесі болған Филиппин коммунистік партиясының зұлым әрекеттерін әшкерелеумен ұзақ жылдар айналысқан. Ал үнді әлеуметтанушысы Дипанкар Гупта көпшілікке танымал зиялы топтың өзге бір қауымының өкілі, ол – аса жемісті ғалым болумен қатар билеуші орталыққа келуіне басты себепкер болған даму саласындағы ірі ұйымдар мен ұлттық комиссиялардың қызметіне белсене қатысушы. Өз эссесінде ол демократия мен әлеуметтік ғылымдар арасындағы тығыз байланысты зерттейді.

Заманымыздың өзекті мәселелерінің бірі болып отырған – күтімді ұйымдастыруға арналған қоғамдық маңызы бар зерттеулермен таныстырамыз. Осы саланы әлеуметтану әлі де баяу, бірақ зерттей бастады. Аса қайратты Бриджит Ауленбахер Австрия, Германия, Швеция, Жапония, Испания, Австралия, Чили, Коста-Рика және Оңтүстік Африкадағы балалар мен егде кісілерге күтім жасауға маркетингизацияның/нарықтың қысымын салыстырады. ХЭА зерттеу комитеттері осындай маңызды салыстырмалы зерттеулерді қолдап отырғанын осыдан байқауға болады.

Санкт-Петербургтегі қоғамдық әлеуметтану зертханасының екі жас ғалымы ұсынған эсселерде ресей әлеуметтануындағы басым екі жаңа бағытты салыстыра/текетірістіре отырып қарастырады: мемлекеттің немесе корпорациялық клиенттердің тапсырысы бойынша жүргізілетін саяси зерттеулердегі «инструментализм» мен іс жүзінде беймәлім кәсіпқойлардың «автономдануы» көрсетіледі. Қоғамдық әлеуметтану зертханасы ғылыми қағидаттардан ауытқымай/құрбандыққа шалмай сыни өзараықпалдастықтың, азаматтық қоғаммен белсенді ынтымақтасудың үшінші жолын қолдайды. Ресейден жолданған екінші жұмыс ерте кеңестік кезеңнің социалистік сәулетін сақтаған үлгі ретінде Санкт-Петербургтің бір ауданынан фоторепортаж болып табылады. 20 ғасырдағы ең ірі қайғылы әлеуметтік тәжірибелерді талдайтын әлеуметтанушылардың жас ұрпағының дәурені туды.

Бізде Чехиядан жолданған аса қызықты үш жұмыс бар: Англияда үй қызметкерлері болып жүрген Чехиядан шыққандар бойынша зерттеу; қоныс аударған сығандар қауымының көпшілік көрмесі туралы; үйде оқытудың түйткілдеріне арналған жұмыс. Осы басылымда Қытайдағы кәсіподақ қозғалысына, кәсіптерді салыстыра зерттеуге және жаһандық деңгейде әлеуметтік ғылымды дамытудың ерекше бағдарламасына арналған арнайы бағаналар бар. Сондай-ақ біз Хосе Игнасио Регермен немесе Начомен қоштасамыз. Ол отыз жыл бойы ХЭА кеңсесіндегі бізді 21 электрондық ғасырға жетектеген негізгі тірегіміз еді. Сонымен бірге «Жаһандық диалогты» 16 – шы тілде шығаратын Индонезиядағы редакциялық топқа қошаметімізді білдіреміз.

> **Жаһандық диалог Халықаралық Әлеуметтанушылар**

Ассоциациясының веб парақшасында 16 тілде ұсынылады

> Хаттарды burawoy@berkeley.edu поштасына жолдауға болады



Әлемге әйгілі филиппин әлеуметтанушысы **Уолден Белло** өзінің саясатқа араласқан кезіндегі мәселелер мен түйткілдер туралы ой бөліседі және парламент мүшелігінен неге кетіп қалғанын түсіндіреді.



Көрнекті үнді әлеуметтанушысы және зияткер **Дипанкар Гупта** әлеуметтік ғылым мен демократия арасындағы байланысты қарастырады.



Бүкіл әлемнен әлеуметтік жұмыс бойынша зерттеулерді белгілі австриялық әлеуметтанушы **Бриджит Ауленбахер** жинастырды.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндьюглу, Филомин Гуттиерес, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:
Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Бразилия:
Густаво Танигутти, Андреса Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Рафаэль де Соуза, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Колумбия:
Мария Жозе Альварес Ривадулла, Себастьян Виламизар Сантамария, Андрес Кастро Арауджо.

Индия:
Ишвар Модии, Рашми Жаин, Прага Шарма, Джуотти Сидана, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:
Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Домингус Элид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:
Рейханех Жавади, Абдулкарим Бастани, Нияеш Долати, Митра Данешвар, Фаез Хаджесадех.

Жапония:
Сатоми Ямамото, Масахиро Мацуда, Фума Сэкигути, Тайки Хатано, Хидэмаро Инуйе, Шинса Камео, Канако Матака, Сюэй Мацуо, Кахо Мияхара, Норико Нисимори, Синтаро Оку, Фумито Сакураги, Ютаро Симокава, Маю Сиота, Масая Усуи, Томо Ватанабе.

Қазақстан:
Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Дәуренбек Күлейменов, Рамазан Салықжанов, Адиль Родионов, Нұрлан Байғабыл, Ғани Мадиярбеков, Жұлдыз Галимжанова, Алмаш Тілесаева.

Польша:
Якуб Желевский, Мариуш Финкельштейн, Вероника Гаварска, Кшиштоф Губаньски, Кинга Якеда, Юстына Косьцинська, Мартина Мацех, Каролина Миколаевска-Заяц, Адам Мюллер, Зофья Пенза, Тереза Тележиньска, Анна Вандзель, Юстына Зелиньска, Яцек Зых.

Румыния:
Косима Ругиниш, Корина Брэгару, Костинел Ануца, Адрияна Бондор, Рамона Кантараджу, Александру Дуцу, Ирина Кристина Фэйнару, Ана-Мария Илиеш, Руксандра Йордаке, Габриэла Иван, Михай-Богдан Марьян, Анка Михай, Аделина Морошану, Моника Нэдраг, Радунэфорницэ, Оана-Елена Негря, Элисабета Тома, Елена Тудор.

Ресей:
Елена Здравомыслова, Любовь Чернышова, Анастасия Головнева, Анна Кадникова, Ася Воронкова.

Тайвань:
Джинг Мао Ху.

Түркия:
Гюл Чорбаджиоглу, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Шығарылым кеңесшісі: Ана Виллареал.

> Осы нөмірде

Редактордан: Қоғамға ашық және салыстырмалы болу 2

Билік және принциптер: парламенттегі әлеуметтанушының «тар жол, тайғақ кешуі» 4

Уолден Белло, Филиппины

Әлеуметтік ғылымдар мен демократия: рухани үндестік 8

Дипанкар Гупта, Үндістан

> Адам күтіміне арналған Халықаралық симпозиум

Адам күтімінің жаһандық мүмкіндіктері 11

Брижитта Ауленбахер, Австрия

Австралияда адам күтімін нарыққа айналдыру 13

Майкл Д. Файн, Австралия

Ұзақ мерзімді адам күтімі: Швеция мен Жапонияны салыстыру 15

Хильдегард Теобальд, Германия және Яйаои Сайто, Жапония

Аустрия мен Германияда адам күтімі сипатының өзгеруі 17

Роланд Атцмюллер, Брижитта Ауленбахер, Альмут Бачингер, Фабиенна Дэкью, Австрия және Биргит Риграф, Германия

Чили, Коста Рика мен Испанияда тәуекелді жағдайларда адамды үйде күту 20

Моника Будовски, Швейцария; Себастьян Чиф, Швейцария; У. Даниел Вера Рожас, Чили

Оңтүстік Африкада адам күтіміне көмек көрсету 22

Елена Мур және Джереми Сикингс, ОАР

> Ресей әлеуметтануындағы жаңа бағыттар

Ымырасыз ортадағы әлеуметтану 24

Қоғамдық әлеуметтану зертханасы, Ресей

Фото эссе: Сәулет өнеріндегі ерте кеңестік кезеңге тән социалистік мұраттар 26

Наталья Трегубова және Валентин Стариков, Ресей

> Чех әлеуметтануындағы хал – ахуал

Шаруашылыққа қолғабыс етушілердің көші үйрену/бейімделу әдісі 29

Сюзана Секеракова - Бурикова, Чех Республикасы

Үйде оқыту: Чех білім беру жүйесіндегі еркіндік пен қадағалау 31

Ирена Кашпарова, Чех Республикасы

Чехия республикасындағы сыған жұмысшыларын еске алу 33

Катерина Сидирополу Жанку, Чех Республикасы

> Арнайы бағаналар

Жұмыс алаңынан жазбалар Қытайдың еңбек саясатындағы өзгерістер 35

Лефенг Лин, АҚШ

Әлеуметтік ғылымдардың бағдарламаларын әлемдік деңгейде

қалыптастыру 37

Эркюмент Чилик, Германия

Кәсіптердің халықаралық мүмкіндіктері: жашікті ашқанда 39

Элен Кульман, Швеция; Туба Агартан, АҚШ; Дебби Бонин, ОАР;

Хавьер Пабло Гермо, Аргентина; Елена Ярская-Смирнова, Ресей;

Моника Ленгауэр, Германия; Шаун Руггунан, ОАР, Вирендра П. Сингх, Үндістан

Начо, рахмет! Изабелла Барлинска, Испания 41

> Билік және принциптер:

Парламенттегі әлеуметтанушының «тар жол, тайғақ кешуі»

Уолден Белло, құрметті профессор, Дилимандағы Филиппин университеті, Филиппин конгресі төменгі палатасының бұрынғы мүшесі (2009-15)



Уолден Белло – ғалым және қоғамдық зияткер ретінде халықаралық зор беделге ие филиппиндік әлеуметтанушы. Даму және саясат бағыты бойынша «Дамуға қарсы мемлекет» (2004), «Азық үшін соғыстар» (2009), кейіннен жарық көрген «Капитализмнің соңғы бекеті? Қатаң тыйым заманындағы жаһанданудың баламасы (деглобализация)» (2013) сияқты көптеген кітаптардың авторы профессор Белло өзінің Филиппин университетіндегі қызметінен тыс, 1990-94 жылдары АҚШ-та орналасқан Азық-түлік және даму саясаты институтын (Food First - азық-түлік саясатына басымдық беру) басқарып, Бангкок қаласында орналасқан Жаһандық Оңтүстікке назар аудару институтының негізін қалаушы директоры болған. Профессор Белло әлемдік деңгейдегі әртүрлі басылымдарда тұрақты түрде мақалаларын жариялап отырады, сондай-ақ бірнеше халықаралық сыйлықтармен марапатталған, соның ішінде «Өнегелі өмір салты үшін» (Right Livelihood Prize, басқаша айтсақ, Нобель сыйлығының баламасы ретінде белгілі) сыйлығы және Халықаралық зерттеулер қауымдастығының Көрнекті қоғамдық ғалым сыйлығын атап өтуге болады. Осы мақалада өзінің әлеуметтанушы ретіндегі саясаттағы тәжірибесі және басты ұстанымы - Филиппин конгресінің төменгі палатасындағы Акбаян оппозициялық партиясына адал мүшелігі туралы баяндап береді. Профессор Белло 2014 жылы шілдеде Йокогамада өткен ХӘҚ әлемдік конгресінде негізгі баяндамашы болды. Аталмыш мақаланың толық нұсқасын Жаһандық диалог (Global Dialogue) журналының Global Express атты интернет парақшасында табуға болады.¹

Уолден Белло.



мірімнің басым бөлігінде мен әрі әлеуметтанушы, әрі қоғам қайраткері жүгін қатар алып жүрдім. 1975 жылы Принстон университетінде әлеуметтану бойынша PhD ғылыми дәрежесін алғаннан бастап толықтай қоғамдық жұмыстарға араласып кеттім. Алғашында жасырын қызмет атқарған Ұлттық демократиялық майдандағы халықаралық қанаттың мүшесі ретінде Филиппиндегі Маркос диктатурасын құлату мақсатындағы шараларға қатысып, кейіннен корпорациялар басқарған жаһандануға қарсы күрескер ретінде белсенді араластым. 1994-2009 жылдар аралығында Дилимандағы Филиппин университетінде әлеуметтанудан дәрістер оқыдым, ал 2009 жылдан бері Филиппин конгресінің төменгі палатасында прогресшіл саяси партияның атынан заң шығарушы ісіне белсене қатыстым.

Мен мүшесі болған Акбаян партиясы 1998-2009 жылдар аралығында конгрестегі батыл ұсыныстары арқасында прогресшіл келбетін қалыптастырды. Партия конгресте Репродуктивті денсаулық туралы заң, аграрлық реформалар жасау, ЛГБТ қауымдастығына қарсы кемсітушілікті тоқтату, шет елдерде тұратын филиппиндіктердің дауыс беру құқықтарын жетілдіру, жұмыскерлер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қаладағы кедей отбасыларды әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша бастамаларды ұсынды.

2009 жылы біздің партияның мүшелері арасында Либералдық партия (ЛП) атынан 2010 жылғы президенттік сайлауға қатысушы үміткерді қолдау бойынша пікірталастар болды. Сол кезде барлығымыздың көкейімізді тескен сауал: «Бұл үміткерге кейіннен реформалау бағдарламасын іске асыруда иек арта аламыз ба?». Либералдық партияның үміткерінен игіліктерді қайта үлестіруге, өкілеттік демократия немесе ұлттық тәуелсіздікті қорғау бойынша шаралар күтілмегенімен, Акбаян партиясы жақтастарының басым бөлігі биліктегі либералдардан бірінші кезекте мықты мемлекеттік билік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар күтті. Себебі сол уақытта жемқорлық мәселесі және оның салдары біздің демократиямызға өте үлкен қауіп төндірген еді.

ЛП-ның бағдарламасында жемқорлыққа қарсы шаралар біз үшін маңызды болғанымен, одан тыс ЛП-ның үміткерінен біздің басқа идеяларға, әсіресе репродуктивті денсаулық пен аграрлық реформаларға да назар аударуын күттік. 2010 жылға қарай біраз уақыт бойы қызу пікірталастар орын алды. Репродуктивті денсаулық туралы заң жобасы конгрестегі талқылауға жетіп, партияның тағы бір бастамасы болған Аграрлық реформалар туралы заң өзінің іске қосылу мерзімін күтіп тұрды. Одан тыс, сол уақытта тәуелсіз халықаралық саясатты жүргізу, шетелдік және отандық қарыздарға бірінші кезекте қызмет көрсететін қайтадан қаржыландыру туралы заңның күшін жою, сонымен қатар сауда, қаржы және инвестициялаудағы неолибералды өлшемдерден бас тарту бойынша бастамаларды ұсындық.

Либералдық партияның үміткері Бениньо Симеон Акино III (аты аңызға айналған бұрынғы президент Корасон Акино мен азапталып өлтірілген Бенино Акиноның ұлы) 2010 жылы Президент болып сайланды. Келесі бес жылда конгрестің төменгі палатасында Акбаян партиясының басты

өкілі ретінде либералдар мен дәстүрлі саясаткерлер басым бөлігін құраған одақтың прогресшіл партияға қатысты мүмкіндіктері және кедергілеріне жеке тәжірибем арқылы куәгер болдым.

> Мәдени майдандағы жеңіс

Кедейлік және әйелдердің репродуктивті денсаулық мәселелерін шешу үшін филиппиндік прогресшіл партия мемлекеттің қолдауына ие отбасын жоспарлаудың ұзақ мерзімді бағдарламасын енгізуді көздеді. 2010 жылға қарай жаңа әкімшілік тағайындалған кезде менің партиям және басқа прогресшілер он екі жылға есептелген заңнамалық жоспарға Репродуктивті денсаулық туралы заң жобасын енгізе алды. Билікке ықпалы бар Рим-католик шіркеуінің қатты қарсылығына қарамастан прогресшілер мультитаптық одақ құру арқылы әйелдердің репродуктивті құқықтары мен денсаулығына қатысты мәселені қайта көтерді. Прогресшілер өз идеяларының жеңіске жетуі үшін тек қана рационалды деңгейде өте жақсы негізделген дәйектерден бөлек, қоғамдағы еркектердің иерархиясы және басым бөлігі ерлерден құралған конгресте әйелдер шешіміне бақылау жүргізу тақырыбына арналған суреттерді стратегиялық тарату арқылы символдық дәйектерді қолдана білді. 2012 жылға қарай біз консервативті идеологиялық институттар, билік басындағы элитаның бір бөлігі және орта таптың әдеттегі ықпалы арқасында белсенді және сәтті әрекет ету арқылы заң жобасын заң ретінде бекітуге үлес қостық.

> Аграрлық реформа: таптық жағдайдың ушығуы

Өз кезегінде аграрлық реформа саясаткерлер арасындағы одақтастықтың, әсіресе таптардың мүдделеріне қатысты мәселелерде, өте қиын жағдайда жүзеге асатындығының мысалы бола алады. Филиппиндегі алғашқы жер-су реформасы 1960-жылдары басында жүргізілді және терең теңсіздік деңгейімен сипатталған болатын. 1970-жылдары Маркостың диктатурасы кезінде жоспарланған жер-су реформасының бағдарламасы жер иелерінің қарсылығына тап болып, біршама уақытқа тоқтап қалды. 1986 жылы Маркос билігі құлағаннан кейін, президент Корасон Акиноның әкімшілігі 10,3 миллион гектар жерді қайта бөлу бойынша батыл жобаны бастады. Жобаға себеп болған жағдайдың бірі ретінде ауылдық жерлердегі Жаңа адамдар әскерінің көтерілісін айтуға болады. Дегенмен, жер иелерінің саны басым Конгресс заңда ең құнарлы жеке меншіктегі жерлерге тиіспеу арқылы қоғамдық меншіктегі жерлерді қайта үлестіруді тиімді түрде шектейтін осал тұстарды әдейі қалдырды.

Конгрестегі алғашқы еңбек еткен жылы Акбаян партиясы жер сатып алуға қаржылай көмек көрсететін және реттеуші заңды тетіктерді іске қосатын жаңа аграрлық реформалар заңын (CARPER) жасақтауға белсенді қатысты. Конгрестегі жер иелерінің саны айтарлықтай азайып, Миндано аралынан Президент сарайына дейін 1700 километр бойы шеруге шыққан шаруалар тобының қолдауымен аграрлық әділеттілік үшін күресуші танымал қозғалыстың белсенділігі арқасында заң жобасы сәтті қабылданды.

Ықпалы күшті заң қабылданғанымен де, саяси ерік

осы заңды нақты жүзеге асыруды талап етеді. Заңның қабылдануы, президенттің оны елемей және жер иелерінің жағдайды ушықтырғысы келмеуі себебінен қайта үлестіруге лайықты 700 000 гектар жер сол қалпында қалды. Осы жердің көбісі жеке меншікте еді, елдің ауыл шаруашылығы үшін ең құнарлы бөлігі болатын. Жер иелерінің қарсылығы, Президенттің немқұрайлығы және бюрократиялық босандық салдарынан аграрлық реформа бәсеңдеп қалды. Реформист Президенттің шамадан тыс бос, сылбыр саясаты жер-су реформаларын жүзеге асыруда біліктілігі төмен шенеуніктерді жұмысынан босатқысы келмеуі және Президенттің осы реформаға салғырт қарауы 2015 жылы өз еркіммен Конгрестен кетуімнің бірден бір себебі болды.

> Күшті биліктің құлдырауы

Ендігі кезекте партияның күшті билік құруды қорғау бойынша тәжірибесімен бөлісуіме рұқсат беріңіздер. Либералды партия басшылығының жемқорлықпен табанды түрде күресуге берген уәдесі 2010 жылы Акбаян партиясының реформалық одаққа кіруінің негізгі себебі болды. Бес жыл өткеннен кейін осы мәселеге орай Конгрестен кетуге бел будым.

Акино әкімшілігінің алғашқы билік ету жылында азық-түлік саясатына көбірек назар аударылды. Конгрестегі Акбаян партиясының басты өкілі ретінде осындай реформалық серпінге түрткі болған шараларға қатысудың өзі мені қатты толқытты. Жаңа әкімшіліктің бастамаларының бірі - билікте отырған кезде жемқорлықтың кең етек жаюына мүмкіндік берген бұрынғы президент Глория Макапагальды сот арқылы жазалауға да атсалыстым. 2013 жылы болған сайлау мен үшін және басқа азаматтар үшін либералды әкімшілікке артылған сенімге дауыс беру болды.

Алайда, жаймашуақ күндер ұзаққа созылмады. Филиппиндік саяси жүйеде АҚШ-тың отаршылық кезінен қалған «жем астауы» немесе «Басым бағыттағы дамуды қолдау қоры» (ББДҚФ) деп аталатын институт қызмет етеді. Президент Конгрестің әрбір мүшесіне өз сайлау округтеріне қатысты жобаларды жүзеге асыру үшін арнайы ақша бөледі.

Аса танымал саяси технолог Джанет Лим-Наполестың Конгрес мүшелеріне ББДҚБ қорының даму жобаларына және әлеуметтік қызметтерге арналған қаражатты өз есептеріне аударуға мүмкіндік берген жалған ұйымдар қатарын құрғандығы бізге белгілі болды. Конгрес мүшелерінен осы қызметі үшін Наполес өз үлесін алып отырған. «Наполес алаяқтығы» бұқараның наразылығын тудырды, ББДҚБ-ны жою туралы қоңырау санының артуына себепкер болды. Мен біздің партия өз қағидаттарына берік екендігіне сендім және ББДҚБ-ны жою үндеуіне қосылып, Президенттің партияға бөлген қаражатынан бас тартамыз деп ойлағанмын. Бірақ өкінішке орай, партия басшылығының жиналысында бұл бастамаларым қолдау тапқан жоқ.

Осы оқиғадан кейін «Жедел төлемдер бағдарламасы» деп аталып жүрген лауазымды қызметкерлерді сатып алуға бағытталған бірнеше миллиардтық жасырын президенттік қормен байланысты басқа жанжал жуық арада орын алды.

Мемлекеттік қорын бақылауда транспарентті емес,

есептілікке бағынбайтын және кері саясатты жүргізуімен қатар әкімшілік бұрынғы басшылықты айыптауға негіз (құралына) болған шаруалармен айналысты. Жоғарғы Сот конституцияға сай емес бағдарламаны басқарған кезде, менің ойымша, Президент негізгі шешімді шығаруға тиіс еді.

Өз партияма Президент тарапынан құзыретті адамдарды қызметінен босатуды талап етсін деген ой тастадым, бірақ менімен партияның кейбір мүшелері келіскен жоқ. Олардың ойынша, бұл ұсынысымыз арқылы Президентті қырсықтырып алу қаупі болды. Осындай жауап прогресшіл партия мүшелері үшін лайық емес деп санаймын. Партияның басшылығымен ортақ шешімге келе алмағандықтан Президенттің өзіне хат жаздым. Хатта елде болып жатырған жағдайларға алаңдаушы азамат ретінде Президенттен бюджет басшысын «оның ешбір шектеу сезімінсіз қорды басқарудағы үстірттігі және еркіндігі» үшін қызметтен алып тастауды сұрадым. Сонымен қатар, хатта бағдарлама Атқарушы билік өкілдеріне Сенат пен Конгрес мүшелеріне қатысты тікелей қаржылық ықпал етуіне мүмкіндік беру арқылы «конституциядағы биліктің бөлінуіне қарама-қайшылық тудыратын президенттік қамқорлықтың бір түрін» қалыптастыратындығын жаздым.

Менің хатым Акбаян партиясының басшылығының ішінде біршама шиеленіс тудырды. Партия мүшелерінің көбісі Президентке жеке азамат ретінде хат жазуға менің құқығым болған жоқ деген ой білдірді. Маған партиядағы жоғары дәрежелі өкіл болуымның бағасы – жеке көзқарастарымның партияның саясатына бағынуында екендігі жеткізілді.

Біздің партия ішіндегі пікірталастар жалғасып жатқанда, әкімшілік екінші рет үлкен қасіретті басынан кешті: 2015 жылдың 25 қаңтар күні Минданаодағы лаңкестікке қарсы шаралар сәтсіздікке ұшырауының нәтижесінде Ұлттық полицияның Арнайы бағыттағы жасақтарының 44 қызметкері және Моро исламдық тәуелсіздік майданы сепаратистік қозғалысының 18 жауынгері қаза болды. Осы сепаратистік ұйыммен үкімет толық емес автономия туралы келіссөздер жүргізген болатын.

«Мамасарано рейді» басқарудағы үш негізгі қателікті көрсетті. Біріншіден, Президент өзі бұйрық берген әскери операция үшін жауапкершіліктен бас тарту арқылы президенттік биліктің басты қағидатына қарсы шықты. Екіншіден, ол операция туралы бұйрықты алдында елдің Омбудсмені тарапынан жемқорлыққа қатысы бар деп айыпталған ұлттық полиция басшылығындағы жақын досына заңсыз түрде берді. Үшіншіден, оның операцияны жүргізу бұйрығының астарында филиппиндік емес, америкалық мүдделер жатты, себебі ол апат болған жағдайда аса маңызды бейбітшілік туралы келісімдер бұзылатындығын білді. Қоғамдағы жақсы әкімшілік ету жүйесін сақтап қалу мақсатында мен Президентке осы қайғылы жағдайға қатысты толық жауапкершілікті өз мойнына алып, апаттың барлық зардаптарын ашып көрсетуді, әсіресе АҚШ-тың рөлі туралы ақиқатты айтуға үндеу тастадым.

Әкімшіліктің басқару дағдарысы тереңдей түскендіктен мен Акбаян партиясынан реформаларды талап етуді сұрадым. Президенттің тұлғалық позициясының әлсіреген уақытында,

біз оған тек қана қайғылы апаттың жауапкершілігін мойнына алуы бойынша ғана емес, сонымен қатар жемқорлыққа былыққан, жұмыс жасауға лайықты емес және қызметтерін қамсыз атқаратын шенеуніктерді жұмысынан босату арқылы әлсіреп қалған жақсы әкімшілік ету бағдарламасын қайтадан қолдауы бойынша қысым көрсетуіміз керек деген ой тастадым. Партия менің ұсынысымды қолдаған жоқ.

Қайғылы жағдай үшін өзіне жауапкершілік алудан бас тартып, жемқор және икемсіз достарына қамқорлық көрсетуді жалғастырған Президентті бұдан әрі қолдауға мұршаның болмауы менің Ақбаян партиясы атынан Конгрестің мүшесі болудан бас тартуыма алып келді. Мен Партия басшылығы дұрыс жұмыс істемейді деген ойға келдім. Сонымен қатар Президентті әрі қарай қолдау сияқты партияның негізгі позициясымен келісе алмайтын болсам, мен ендігі уақытта партияның өкілі ретінде қызмет ете алмаймын деп түйдім. Ешкім менен қызметті босатуымды сұраған жоқ, бірақ партияның ережесі анық болды: мен 2015 жылдың 19 наурызында партиядан шығып кеттім.

> Негізгі сабақтар

Осы нарратив арқылы мен репродуктивті денсаулық, аграрлық реформалар және жақсы әкімшілік ету сияқты идеяларға қолдау нәтижесінде қол жеткізген өмірлік сабақтармен бөлісуге тырыстым.

Репродуктивті денсаулық үшін күрес тиянақты одақ және аса өзекті стратегиялар құру арқылы мәдени мәселелерді талқылау - прогресшіл мәселелер көтерілетін алаң ұсынатындығының көрінісі. Отбасын жоспарлау мәселелерін талқылауда репродуктивті денсаулық жақтастары халықтық бақылау нарративін әйелдердің репродуктивті құқықтары туралы дискурсымен алмастыру арқылы ортадан жоғары және орта таптар арасын ажырату мүмкіндігіне ие болып, өте қатты қарсылыққа қарамастан заңды қабылдау үшін жағдайлар жасай білді.

Аграрлық реформа жасау тәжірибесі революциялық емес саяси жағдайдағы теңсіздік құрылымдарының тікелей қарсылығына қарамастан жеңіске жетудің қиындығы туралы

еске салады. Прогресшіл күштер мықты заңнамалық базаны құруға ықпал ете алғанымен, президенттің немқұрайлығы, бюрократиялық қорқақтық және жер иелерінің қарсылығы сияқты жағдайларға байланысты аграрлық теңсіздіктің құрылымдары әлі де күшке ие.

Жақсы әкімшілік ету туралы үшінші мысал аса сезімтал жеке және саяси салдарға алып келгендігіне қарамастан бізге өмірлік сабақтардың шығу тегін көрсетіп берді. Бірінші сабақ одақтар динамикалық сипатта болатындығында: біздің жағдайда реформалар жасау үшін одақ басқа іс-шаралармен айналысты. Прогресшіл партия өзінің одақтарға мүшелігін әрдайым саралауға міндетті деген екінші өмірлік сабақты алдық. Кез-келген партияның өз мүддесі бар және мүдделер қатарына әкімшілік орындар немесе одақ ішіндегі ықпал ету кіреді. Бірақ кей кезде, осы мүдделер іргелі құндылықтарға қайшы келуі ықтимал. Осындай сыни жағдайларда солшылдар партиясы өзінің тұтастығын сақтағысы келсе, құндылықтардың басты орында екендігіне кепілдік беруге міндетті.

Үшінші сабақ: кей жағдайларда партиялар және олардың парламенттегі өкілдері арасында өте қатты пікір алшақтығы пайда болуы мүмкін. Осындай жағдайларда прогресшілер партияның басшылығына қарсы шықса да өз ұстанымдарына берік болуы керек. Прогресшіл болу деген қоғамдық теңдік, әділеттілік, ынтымақтастық және тәуелсіздік аясында ұйымдастыра білу және осы ойларды жүзеге асыру үшін саяси бағдарламаға ие болуды білдіреді. Сонымен қатар, прогресшіл болу этикалық және адамгершілік көзқарастарды қалыптастыруды білдіреді. Бәлкім, мемлекеттік қызметтегі нағыз прогресшілердің негізгі ерекшелігінің белгісі - этикалық ғадеті болар. Менің ойымша, әкімшілік орындарда прогресшіл болу, бірінші кезекте, қызметінді, мүлігінді немесе өмірінді жоғалту қаупі болса да қағидаттар мен құндылықтарды берік ұстану. ■

Хаттарыңызды Уолден Беллоға <waldenbello@yahoo.com> жолдауыңызға болады.

¹ <http://isa-global-dialogue.net/power-and-principle-the-vicissitudes-of-a-sociologist-in-parliament-july-4-2015/>

> Әлеуметтік ғылымдар және демократия: рухани үндестік

Дипанкар Гупта, Шив Надар университеті, Нью Дели, Үндістан¹



Дипанкар Гупта.

Дипанкар Гупта - көрнекті үнді әлеуметтанушысы және белгілі қоғамдық зияткер. Ол Нью Делидегі Шив Надар университетінің Қоғамдық істер мен сыни ілімдер орталығының профессоры және директоры. 30 жылға жуық уақыт бойы Джавахарлал Неру университетінде әлеуметтанудан сабақ берген. 18 кітаптың авторы және редакторы профессор Гупта Үндістанның постколониялық трансформациясына қатысты біраз еңбектің авторы. Оның ең соңғы кітабы, Төменнен басталған төңкеріс: Үндістанның болашағы мен азаматтық элитасында, демократия төменнен басталатын әрекеттер арқылы ілгері дамиды деген ой айтылған. Ол The Times of India and The Hindu басылымдарында тұрақты түрде мақалаларын жариялайды және қоғамдық қайраткер ретінде Үндістанның сақтық банкінің және Ұлттық ауыл шаруашылығы мен ауылдық аймақтың даму банкілеріндегі басқарушылық қызметтермен қатар әртүрлі институттардың дамуына үлес қосқан. Торонто, Париж және Лондон қалаларында шақырылған профессор қызметінде дәріс оқып, АҚШ-тың біршама университеттерінде аға ғылыми қызметкер лауазымын атқарды. Көптеген атақтардың иегері профессор Гупта 2010 жылы Франция Үкіметінің Өнер және Әдебиет орденінің кавалері атағымен марапатталды. Осы мақаланың толық нұсқасын Жаһандық Диалог журналының Global Express атты интернет парақшасында [1] табуға болады.²

Неліктен әлеуметтік ғылымдар, философияны қоса алғанда, тек демократияшыл қоғамдарда ғана қарыштап дамиды деген сұрақ ойыңызға оралды ма? Мысалы, әлемдегі ең бай елдер Сауд Арабиясы, Қытай мен Ресей жаратылыстану ғылымдарында үлкен қадамдар жасауда, бірақ әлеуметтік ғылымдардағы жетістіктерімен мақтана алмайды. Қытай мен Ресей электроника, физика, медицина, көлік салаларында жетекші елдермен қатар жетістіктер көрсетуге әлеуеті бар, алайда әлеуметтану, саясаттану, экономика, тіпті тарихта осы елдер тұрақсыз нәтижелер көрсетуде. Демократияшыл режимдерде ғана әлеуметтік ғылымдар белсенді түрде дами ма? Олай болғанның өзінде, неліктен осындай жағдай орын алады?

Бәзбіреулер демократия мен әлеуметтік ғылымдар арасындағы айқын жақындық туралы тұжырымдар осы байланыс ерекше батыстық мәдениеттің өнімі болып табылады деген одан да

үстіртін пікірлерді бүркемелеу үшін жасалған деп ойлайды. Бәлкім, әлеуметтік ғылымдар тек бастапқыда мәдени тұрғыда бейтарап болуға бағыттталып, іс жүзінде тек еуропалық және америкалық мәселелермен шектелген болар? Әлеуметтік ғылымдардың батыстық емес сыншыларының басым бөлігі әлеуметтік ғылымдардың әмбебаптығы туралы ойларды тарататын түзетулер сияқты жергілікті категорияларды қолдайды. Алайда, осы әдісті қолдаушылар әлеуметтік ғылымдар Еуропа мен Американың өзінде тек жақын арада ғана пайда болғандығын ұмытып кетті. Бір кезде осындай білім жүйелері осы елдер үшін де жаңалық болып, Еуропаның ортағасырлық немесе кейінгі ортағасырлық талдау әдістері өздігінше ескіріп қалғандығының белгісі болған еді.

Демократия ұғымы пайда болғанға дейін әлеуметтік ғылымдардың ілгері дамуына қажетті контекст болған емес. Қазіргі әлеуметтану, саясаттану және экономиканың талдауға

>>

қажетті негізгі құралдар – мәліметтер қоры қол жетімді болған жоқ. Жаңа контекстің дүниеге келуімен әлеуметтік ғылымдар пайда болып, деректердің жаңа жиынтығы зерттеуге қолайлы бола бастады. Осындай өзгерістер ықпалымен әлеуметтік ғылымдар белсенді дами бастады.

Ұстанымдардан құралған білім мемлекет немесе шіркеу арқасында жоғарыдан төменге қарай бағытталған жағдайда секуляризм өткір мәселе болып табылған емес, ол тек бәзбіреудің «Мен саған сенбес бұрын маған оны дәлелдеп бер», - деген сұрағына лайықты өз уақытын күтуде болған. Әлеуметтік ғылымдар үшін секуляризм негізгі ұғым десек болады, себебі біз адамдардың іс-әрекеттерін зерттейміз. Адам өмірі қалыпты жағдайда тұра бермейді, өйткені ғалам мен тарихтағы контексттерде айырмашылықтар көп. Жаратылыстану ғылымдарында салыстырмалы түрде іс-әрекет еркіндігі мол: су әрдайым шөлді басады, аспандағы кемпірқосақ доға пішінді, ал от түтін мен жарық береді. Осы деректердің ешқайсысы демократияны талап етпейді немесе демократия ұғымы пайда болғаннан кейін өзгерістерге ұшыраған емес. Әлеуметтік ғылымдарда өзгеше.

Әлеуметтік ғылымдар үшін бұл маңызды ма? Жоқ. Маңыздысы – бақылау арқылы басқалар өздеріне қалайша ықпал ететіндіктерін түсіну және оны түсіндіріп беру. Бұл көрініс қазіргі уақытта өзекті болып табылады және өткен күндері осыншама валенттілік пен салмаққа ие болған емес. Бұрынғы уақытта қауымдастықтар, ұйымдар, тайпалар, касталар, жақын адамдар мен туысқандар топтары өздерінің шекаралары аясында өмір сүрді, бірақ онда қоғам болған жоқ. Байырғы шекаралар арасындағы жан-жақты және тұрақты өзара іс-әрекеттер - адамзат тарихында жуырда пайда болған әлеуметтік ғылыми зерттеудің пәні. Қоғамның пайда болуымен бірге бұрынғы топтар аясындағы қарым-қатынастарды сақтап қалу мүмкін болмады: «басқаны» түсіну адамның өзін қалыптастырудағы негізгі қадамға айналды.

Демократияға қатысты осылай түсіну аса маңызды еді. Саяси шешімдер немесе экономикалық бастамалар көптеген адамдардың, тіпті жоғары мансапқа ие емес адамдардың көзқарастарын есепке алуы тиіс. 1834 жылы Кедейлер туралы британиялық заңға енгізілген өзгерістер демократияны қалыптастыруда ілгері қадам жасауға мүмкіндік берді: өзгерістер бойынша еңбек ету енді шіркеулік қауымдағы кедей отбасыларға ғана тиесілі емес болды, сонымен қатар қарапайым адамдар кәсіп таңдау еркіндігіне иеленді.

Демократия жаңа, ауқымды деректердің пайда болуына түрткі болды. Яғни, әуелден адамдарды рационалды мақсатпен өмір сүретін және өз жолын таңдау еркіндігіне ие акторлар ретінде қабылдадық. Таңдау жасау бізді қателіктерге ұрындырады – әр заттың бағасы бар. Тек қателіктер жасауға қорықпайтын адамдар ғана жаңа бірдеңе ойлап таба алады.

Бұл нені білдіруі мүмкін? Жеке қателіктер жазаланбаған жағдайда, жағдайды жақсартуға және жаңалықтар енгізуге мүмкіндіктері бар. Егер демократияның заңдары бұзылмаса, оның шекарасынан аспайтын қателіктер құпталады. Демократия көптеген амалдарды ұсынады: балаларды тәрбиелеудің, тұрмыстағы өмір сүрудің, жұмыс пен кәсіпті таңдаудың, достармен араласудың түрлі жолдары бар. Бұрын мұндай таңдау болған емес, бірақ демократияда дәстүрлі түсініктерден алшақтауды

қиынсынып жүрген адамдардың өздерін ескі сенімдерді шектеуге мәжбүр етеді.

Осындай қателіктер мен тәжірибелер арқылы әлеуметтік ғылымдардың эмпириялық материалы қалыптасады. Мүмкін қателік жасау жеке адамның пікірі бойынша сәтсіздік болар, бірақ әлеуметтік саланы зерттеушіге мәліметтер мен концептілерді беретін қателіктер барлық әлеуметтік ғылымдар үшін іргелі негіз болып табылады. Демократия әлеуметтік ғылымдардың пайда болуына міндетті шарт. Сол уақытта ғана қателіктерді қабылдау қарсылық тудырмайды.

Өзініңізді демократияға дейінгі қоғамдағы экономист ретінде елестетіңіз. Практикалық көзқарас тұрғысынан, нарық белгілі болды, ал сатып алушылар және тауар мен қызметтерді сатушылардың рөлдері алдын ала бөлінген еді. Ортағасырлық «карканасқа» [семинарлар] сәйкес сатып алушылар категорияларға жіктелді; себебі сол уақытта институттар қалпындағы өнеркәсіп орындарына қарағанда адамдардың жеке кәсіби дағдылары үлкен сұраныста болды. «Экономикалық» қателік жасау мүмкін емес еді, себебі дәстүрлер немесе қамқорлық негізінде қалыптасқан сату және сатып алу үрдістерінде тәуекел туындамайтын. Халық шаруашылығы жерге тәуелді болған кезде немесе жан-жаққа көшіп жүруге мүмкіндік берген еңбек еркіндігі кезінде статус бастапқы кезден-ақ анықталып қойған, яғни демократияға дейінгі дәуірде экономика ғылыми сала болған жоқ. Демек, ол уақытта «жасырын қол», нарық теңсіздігі, экономикалық тұрақсыздыққа және банкротқа алып келетін жағдайды бағалаудағы қателіктер де болған емес.

Бірнеше тараптардың мүдделері түйіскен жағдайда, демократия ақыр аяғында өз экономикасын аса мұқият қадағалауы қажет. Нарықтың көрінбейтін қолы жұмыс істеген кезде, кей жағдайда әлеуметтік теңдікке қол жеткізу үшін мемлекеттің қол созғаны қажет. Егер де Үкімет белгілі бір таптың мүдделерін қолдаса, ол жайт күйреген экономиканы сауықтыруға ұзақ уақытты талап етеді. Бұл үлгі арқылы басқаларды ойлау, жан-жақты мүдделер мен қателіктерді жасау мүмкіндіктері демократия үшін қаншалықты негізгі ұғымдар екендігін көруге болады.

«Адамдар қателіктер жасайды» деген негізгі қағидат болмаса, экономика пән ретінде нық тұруы екіталай еді. Бұл экономикаға ақша құю кезі ме? Айырбас бағамы белгілі бір деңгейге тәуелді болуы шарт па? Тоталитарлық экономикалық жүйелерде шешімдер жоғарыда қабылданатындықтан осындай сауалдар ағыны қатты шектелген. Демократиялық елдерде біз бұл мәселені «дәлелдеп беруді» талап ете аламыз.

Дәл осылайша, әкімшілікті биліктен бөлу арқылы саясаттану өзінің демократияға тәуелді екендігін көрсетеді. Бұрынғы заманда, басқарушылар билікке ие болған, бірақ әкімшілік еркін түрде жүзеге асатын халықтық мандатпен ғана келеді. Демократия болған жағдайда, басқа адамдар санайды. Демократия қоғамда өртүрлі мүдделердің болуын қажетті шарт ретінде қарастырады. Мүдделер мен мақсаттар бір бірімен қақтығысқан жағдайда, қай тараптың билікке ие екендігіне қарамастан, еркін және әділетті сайлау аясында жүзеге асуы қажет. Әділ шешім құдай немесе патша үшін емес, халық үшін қабылдануы тиіс. Сәтті шешім қабылдау үшін әкімшіліктен адамдар қарсы тараптардың мүдделерін теңгеруі қажет, мысалы ауыл шаруашылығы қызметкерлері, өндірістегі жұмыскерлер, ақ жағалылар табы және

т.б. Осы топтардың барлығы шағын топтардан тұрады және билік басындағылардан «басқаларға» да назар аударуын әрқашан талап етеді.

Саясаттану ғылымы үшін, жүйе әрдайым адамдарға белгілі бір ережелер шеңберінде қателіктерді жасауға және жасамауға мүмкіндік беруі шарт. Қателікке ұрынсаң – сен биліктен айырыласың. Демократия жағдайында әкімшіліктің құрамындағы адамдар өздерінің еңбек сатысында жоғары көтерілуін күмәнсіз болады деп айта алмайды: дауыс берушілер өз пікірлерін кез келген уақытта ауыстыруы, тіпті солай жасауды ынталандырылуы ықтимал. Демократиясыз таңдау, сайлау, өз ойынан бас тарту және лауазымы жоғары адамдарға қарсы сөз айту мүмкіндіктері болмайтын еді.

Ал әлеуметтануға тоқталсақ, басты мақсаты - құбылыстарды таптар, категориялар, гендер және кәсіби топтар арқылы түсінуге талпынатын пәнде қалай екен? Неке қию сияқты әлеуметтік іс-әрекеттер нақты тәжірибе арқылы зерттеледі. Сонымен қатар, әлеуметтануда некені каста, тап, дін, кәсіби сала факторларының ықпалын зерттейтін әртүрлі әдістер қолданылуы мүмкін, яғни «басқаларды» түсінуден басталатын зерттеу стилі бар.

Нақтылықтың танымал концептілеріне, оның ішінде эссенциализмге қарсы шығу арқылы әлеуметтану уақыт және кеңістік бойынша өзгерістерді зерттеп, зерттеушіні бейтарап және сыни көзқарастарды ұстануға мәжбүрлеу арқылы саналы түрде салыстырмалы әдіске бет бұрады. Салыстырмалы әдіс арқылы біз әлеуметтік құбылыстардың, мысалы дін, неке немесе әлеуметтік талғамның, ортақ сипаттамаларын зерттей аламыз және әлеуметтік деректер олардың ерекшеліктеріне байланысты қалайша әртүрлі қабылданатындығын түсіну мүмкіндігіне иеміз.

Осылайша, әлеуметтанудың демократиямен байланысын түсіну оңай: «басқаларды» түсіну контекстінде пән өзін-өзі анықтайды және адамдар мәдени және экономикалық шекаралар ішінде, сондай-ақ арасында қалайша өзара әрекет ететіндіктеріне көңіл бөледі. Осындай алдын-ала басқаша қабылдау сипаты әлеуметтануды кейбір салаларда, әсіресе, әлеуметтік мобилдікті зерттеуде жетекші орынға шығарады.

Демократиялық емес ортада осы сұрақтарды қоятын еркіндік қайда? Демократия ұсынатын еркіндіксіз осы жағдайлар бойынша ешбір сауалдарға жауап таба алмас едік. Демократия, керісінше, осындай сауалдар арқылы пайдаға қол жеткізеді, себебі билікке таласушылардың барлығы бәсекеге түседі және әртүрлі мүдделерді мүмкіндігінше дұрыс қорғауға тырысады.

Әлеуметтану белсенді қайраткерлер немесе ықпалды саясаткерлердің нақты қызығушылығынан пайда болған пән ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл - пәнді дұрыс түсінбеушіліктің белгісі, алайда демократияшыл саясаткерлердің әлеуметтануда қызығушылығы бар екендігі де ақиқат: егер де ықпалды саясаткерлер мәселені толық сипаттайтын көрініс көргілері келсе, олар әлеуметтануға иек артады.

Дегенмен, әлеуметтанушылар белсенді қайраткерлерге жұмыс істеген кезде олар өздерін ғылыми емес мүдделерге

сәйкестендіру арқылы мәліметтер қорын бүлдіріп алу тәуекеліне ие. Әлеуметтану жиі қызу бәсекелестікті және кең ауқымды көзқарасты шектеу арқылы холистік тұрғыдағы өзгерістер бағыты туралы сауалдарға жауап беруге бірден бір лайықты пән. Алайда, адамдарды әлеуметтік өмірге белсенді араластыру және ерекшеліктер мен қателіктерге толеранттылықты қалыптастыру арқылы әлеуметтану қоғамды инклюзивтілікке бейімдеу үшін қадамдар жасау арқылы көмекке келе алады. Әлеуметтанудың түп негізінде адамдар қателіктер жасайтындығы туралы пайымдаулар жатыр, бірақ олар да алдын ала бөлінбеген қаражаттар арқылы мақсаттарына қол жеткізу үшін осы негіздерді өзгертуге талпынуда.

Тарих пен философия үшін де осындай дәйектерді қолдануға болады. Тарих, қарапайым тілмен айтқанда, қазіргі уақытқа шығаланып қалған, ал біз өткен шаққа өзіміздің өмір сүру уақытымыз тұрғысынан қараймыз. Демократиялық елдерде бұрынғы кездерді зерттеу бізге сол уақыттағы қателіктерді қабылдауға мүмкіндік береді және көне дәуірлерден қазіргі заманға қалайша ықпал ететіндігін дәлелдейді. Онсыз тарих бірсарынды оқиғалар тізбегі (хроника) немесе оқиғаларға толы агиография (әулиелердің өмірін зерттейтін діни пән) болып қала береді. Екі жағдайда да ол академиялық тұрғыда пайдасыз.

Философия да демократияның пайда болуына орай өзгеріске ұшырады. Оқшауланған «мен» Декарттан Кантқа дейінгі Батыстық философияда үстемдік етеді және «басқа» түсінігіне орын табуы қажет еді. Яғни, осы трансформация талдауды жеңілдету үшін емес, ал жасампаздық мақсатта жасалған, себебі бүгінгі философия «басқалардан» бөлек «мен» жоқ екендігін анық білдіруде. Егер де демократияда «басқаларға» алаңдаушылық пен қателіктер жасауға мүмкіндіктер берілсе, біз шын мәнінде «азаматтық» туралы айтқан болар едік, себебі бұл жағдайда этика - демократиялық заңдар мен билік арасын біріктіретін фактор. Демократиялық конституциялар мен қылмыстық кодекстердің негізінде адамдардың «басқаларды» онтологиялық ұқсас және өздерінің тұрмыстарын толықтыратын этикалық агенттер ретінде қабылдау түсінігі жатады.

Басқалар соншалықты өзекті орынға ие болған және «қателіктерді» қабылдау күнделікті жалықтыратын шараға айналған кезде біз іс-жүзінде азаматтық туралы сөз қозғаймыз. Қоғамтанушылар азаматтықты күшейтуге тырысады және осы мақсатта олар өздері құрметтейтін пәндерді біріктіреді. Демократияның күші оның әлеуметтік ғылымдарының күші мен тереңдігі арқылы өлшенеді. Таңдау еркіндігі, «қателіктерден» қорықпау және басқалардың өзіне ықпал ете алатындығын ұғыну – демократиялық елдердің азаматтарына ғана тән жағдайлар. Сәйкесінше, әлеуметтік ғылымдар батыстық немесе еуропоцентристік ретінде сипаттала алмайды. Не болғанда да олар азаматты зерттейтін пәндер ретінде болуы керек.■

Хаттарды Дипанкар Гуптаға <dipankargupta@hotmail.com> жолдауға болады

¹ Өз ойларын білдіргені үшін профессор Андре Бетеиль мен профессор Дипак Мехтаға шексіз алғысымды білдіремін.

² <http://isa-global-dialogue.net/social-science-and-democracy-an-elective-affinity/>

> Әлеуметтік жұмыс бойынша әлемдік даму перспективалары

Бриджит Ауленбахер, Иоганн Кеплер университеті, Линц, Аустрия және Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының Экономика және қоғам (RC02), кедейлік, әлеуметтік әл-ауқаттылық және әлеуметтік саясат (RC19), Еңбек әлеуметтануы (RC30), Қоғамдағы әйелдер (RC32) комитеттерінің мүшесі, сонымен қатар 2006 жылы Вена қаласында өткен Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының Үшінші әлеуметтанулық форумында жергілікті ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары.



Арбудың иллюстрациясы.

салада, әсіресе гендерлік және этностық еңбек бөлінісінің негізінде, құнсыздануы салдарынан болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта әлеуметтік көмек және әлеуметтік жұмысқа деген әлеуметтанушылық қызығушылық артуда: осы тақырыпта әлеуметтанулық зерттеулер саны көбеюде және әлеуметтанушылар әлеуметтік көмек пен тұрақты көмек көрсету аясындағы әлеуметтік ерекшелік пен теңсіздік мәселелеріне жиірек назар аударуда.

> Әлеуметтік көмектің және жаһандық әлеуметтік көмектің дағдарысы

Жоғары және орта табыс деңгейлеріне ие жаһандық Солтүстік елдері үшін әлеуметтік көмек және әлеуметтік жұмысқа қатысты тың қызығушылық 1980-1990 жылдардағы өзгерістерге байланысты болды. Осы уақыт аралығында ЕЫДҰ (Еуропалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдеріндегі Жаңа қоғамдық менеджменттің енгізіліп, әлеуметтік көмектің тауар ретінде қабылдану процесі орын алды, күнделікті өмірде көмек көрсетуге байланысты қиыншылықтардың көбеюі кең етек ала бастады.

Жаңа әлеуметтік қызмет көрсету өнеркәсіптері деп аталатын сектор

Камқорлық және әлеуметтік жұмыс, өзіне және басқаларға күтім көрсету, күнделікті өмірде немесе өмір бойы, отбасы мүшелері, туысқандар немесе осы кәсіптің иелері көрсететін көмек, қызметтер нарығында және мемлекет немесе азаматтық қоғамда ұсынылуы – осының

барлығы жеке адамдар және әлеуметтік ынтымақтастық үшін негіз болып табылады. Әлеуметтік қызмет бойынша ұзақ жылдар жүргізіліп келе жатқан зерттеулерге қарамастан, бұл тақырып әлі күнге дейін шекаралық болып есептеледі, мүмкін әлеуметтік көмек жеке өмірде көзге түспейтіндіктен және қоғамдық

>>

қалыпты дамып, жеке үй шаруашылықтары Жаһандық Оңтүстік және Шығыс елдерінен келген қоныс аударушыларды жұмыспен қамтамасыз етті. Екінші жағынан, Оңтүстік және Шығыс Еуропадағы, сонымен қатар Батыс Еуропадағы ауқатты мемлекеттер саны азайып, 2008 жылдан бергі бюджеттік қорларды қатаң үнемдеу әлеуметтік көмектің жаңа дағдарысына алып келді. Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік жұмыс әрдайым әлеуметтік ұдайы өндірістің аса назар аударылмайтын мәселесі болғандықтан, осы жаңа әлеуметтік көмек дағдарысына да көпшілік көңіл аудара қойған жоқ.

Алайда, Жаһандық Оңтүстіктің табыс деңгейі орташа елдерінде соңғы онжылдықтағы экономикалық өсім жаңа әлеуметтік бағдарламалар мен әл-ауқатты мемлекет құру бағдарламаларын дамытумен қатар жүріп отырды. Әсіресе, әлеуметтік көмек және әлеуметтік жұмыс саласы кедей адамдарға, балаларға, қарттар мен мүгедектерге бағытталған мемлекеттік қызмет көрсету саласы ретінде дамып, халықтың басқа топтары арасында да кең қолданысқа ие болды.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік көмек пен әлеуметтік жұмысқа қатысты әлеуметтанулық зерттеулер жоғарыда жазылған бастамаларды қамтиды, және Global Dialogue журналындағы мақалаларда Жаһандық Солтүстік пен Оңтүстіктің кейбір елдеріндегі әлеуметтік көмек саясаты туралы зерттеу нәтижелері жарияланған.

> Жаһандық Солтүстік және Оңтүстік елдеріндегі әлеуметтік қызмет жүйелері

Әлемдегі жағдайға көз жүгіртсек, жарияланып отырған мақалаларда әлеуметтік қызмет жүйелері салыстырылған және авторлар өз зерттеулерінде әртүрлі елдердегі жеке үй шаруашылықтарының өзара ықпалдастығы, отбасы және туысқандар, азаматтық қоғам, мемлекеттер

мен нарыққа назар аударған. Біріншіден, олардың барлығы нарықтанудың ортақ тенденция екендігі туралы жазып отыр. Екіншіден, олар әлеуметтік қызметтің коммодификациясы (тауарға айналуы) мен декоммодификациясы арасындағы күрделі қарым-қатынастарды сипаттайды. Үшіншіден, әлеуметтік қызметтің коммодификациясы әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру барысы қандай өзгерістер алып келетіндігін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар әлеуметтік көмекті тұтынушы және қызмет көрсетуші адамдар туралы сөз қозғайды. Одан тыс, мақалалар әлеуметтік көмек және әлеуметтік жұмыстағы үрдістерді түсіну үшін жергілікті, ұлттық, трансұлттық және халықаралық контекстілерді зерттеудің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

Майкл Д. Файн өзінің мақаласында Аустралиядағы әлеуметтік қызмет саласының нарыққа айналуы мен қызмет көрсетудің мемлекеттік биліктің қарамағына өтуі арасындағы өзгерістерді сипаттайды. Қызмет көрсетушілердің еңбектері мен жұмыс жағдайлары, сонымен қатар әлеуметтік қызметті пайдаланатын адамның тұтынушы ретіндегі концептісі кәсіпке баулу мен кәсіптен айрылуы арасындағы іргелі өзгерістерге ұшырауда. Хильдегард Теобальд пен Яюи Саитоның Швеция мен Жапонияның әлеуметтік қызмет көрсету жүйелерін сипаттауында ұлттық саясаттың қалайша әлеуметтік қызмет туралы пікірлерді қолданатындығы мен бейімдейтіндігі, сонымен қатар осы бастамалар еңбек бөлінісіне қалайша әсер ететіндігі туралы жазған. Осы екі жүйе арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, мемлекеттік қызмет көрсетудің осалдығы салдарынан екі елдегі ұзақ уақытқа кәсіби негізделген әлеуметтік қызмет түрлері зардап шегеді.

Ролланд Атцмюллер, Бриджит Ауленбахер, Альмут Бахингер, Фабьен Десье және Бриджит Риграф әлеуметтік қызметті бәсеке алаңы ретінде қарастырып,

үй шаруашылықтары, кәсіби қызмет көрсету, әлеуметтік наразылықтар және баламалы әлеуметтік қызмет концептілері аясында мигранттардың еңбек ету орындарын қалыптасатындығы ерекше бөліп көрсетуі арқылы Австрия мен Германияның әл-ауқатты мемлекеттен инвестициялық мемлекеттерге айналу жолы туралы зерттеу нәтижелерін ұсынды. Моника Будовски, Себастьян Шиф пен Даниель Вера Чили, Коста-Рика және Испаниядағы әлеуметтік қызмет жүйелерін салыстырып, әлеуметтік жағдайы нашар үй шаруашылықтарында баланы күту бойынша әлеуметтік қызметті ұйымдастыру және әйел мен ер арасындағы еңбек бөлінісіне әлеуметтік жүйесі дамыған мемлекеттердің нарыққа бағытталған саясатының әсерін, отбасы немесе мемлекеттің әлеуметтік қызметті көрсететін негізгі институттар ретінде зерттейді. Елена Мур мен Джереми Сикинг Оңтүстік Африкадағы әлеуметтік жүйесі дамыған мемлекет тарихын қайта қарастырып, апартеидтен пост-апартеидтік режимге тарихи өтуге ерекше көңіл аударды. ЖҚТБ (СПИД) және жетімдік сияқты мәселелерімен күресуде, сонымен қатар қарттар мен балаларға әлеуметтік көмек көрсетуде мемлекеттік қызметтер негізгі орында болғанымен, отбасы мен туысқандар және соңғы уақытта нарық та Оңтүстік Африканың қазіргі уақыттағы әлеуметтік қызмет жүйесінің маңызды бөлшегіне айналды. Қысқаша айтқанда, мақалалар әртүрлі елдерде әлеуметтік қызметтегі коммодификация үрдісінің күшеюін түрлі контекстілер мен себеп-салдар тұрғысынан қарастырған.¹

Хаттарыңызды Бриджит Ауленбахерге <brigitte.aulenbacher@jku.at> жолдауыңызға болады.

¹ Әлем бойынша әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін арнайы басылыммен таңысуыңызға болады: Soziale Welt (Sonderband 20), "Sorge: Arbeit, Verhältnisse, Regime" [Care: Work, Relations, Regimes], 2014 (edited by Brigitte Aulenbacher, Birgit Riegraf, and Hildegard Theobald).

> Австралияда әлеуметтік көмекті нарыққа бейімдеп қайта құру

Майкл Д. Файн, Маквайри университеті, Сидней, Австралия және Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының Халықтың қартаюуы әлеуметтануы бойынша зерттеу комитетінің (RC11) мүшесі



<http://www.childcaresales.com.au/>

көрсету қызметі көп жағдайда күнделікті көмекті қажет ететін адамдарға қолдау көрсетуді сипаттайды. Генри Лоусонның сөзіне жазылған әннің мәтінінде: Шаршауды немесе қамқорлықты артта тастап,

Сезіну мен түңілуден арылып,

Қазіргі жалғыз тілегім

Қамқорлықтың барлық белгілерінен алшақ болу.

(<https://www.youtube.com/watch?v=q9pqht2Ph04>)

Бірінен кейін бірі Австралия үкіметін басқарған Жұмыскерлер және Либералды-Ұлттық партия әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын кеңейту мен дамытуды талап ету арқылы қоғамдық қолдауға ие болуға тырысты. Алайда неолибералды және бюджетті қатаң үнемдеу жағдайында олар мемлекеттік және коммерциялық қызметтерді шектеп, қызмет көрсету нарығын қолдайтын даму үлгісін пайдаланды. Қызметті пайдаланушылар «тұтынушылар» деп аталынып, мүмкіндігінше әр жерде өз қалталарынан ақша төлеуге міндетті болды.

> Әлеуметтік көмек: әлеуметтік диагностика қою

Әлеуметтік көмек адам өмірінде үлкен маңызға ие екендігін білеміз. Қазіргі күнге дейін әлеуметтік көмекті түсіну пәндік тұрғыда «көлеңкедегі» алаң болып қала беруде. Халықаралық немесе өзара мәдениеттерді қарапайым түрде салыстыру арқылы да әлеуметтік көмек жүйесі қоғамның жасырын тетіктерін көрсететіндігін байқауға болады. Әлеуметтік көмек жүйесіне талдау арқылы мықты әлеуметтік диагностика жасауға, сонымен қатар ең осал әлеуметтік топтардың қарым-

>>

Балалардың күтімі бойынша аса үлкен коммерциялық емес сектормен қатар Австралияда коммерциялық ұйымдар қызмет көрсете алады.

Вальс билеуші Матильда (Walzing Matilda) Австралия құрылығының адамдар аз тұратын аймақтарынан жұмыс табу мақсатымен кезіп жүрген, бар байлығын арқасындағы дорбасына салып жүретін (яғни матильдасына – вальс билететін қапшығына), үйсіз мүсәпір адам туралы алдамшы, көңілді ән. Өлемде аустралиялық деп танылған осы ән XIX ғасырдың соңында елдің экономикасында үстем болған өндірістік деңгейдегі қой шаруашылығына қызмет көрсетумен айналысқандардың көшпенді өмір сүру стилін типтейді. Сол уақытта пайда болған басқа аустралиялық керемет халық әні Дәуірі өткен қамқорлық (Past Carin'), қазіргі уақыт үшін өзекті тақырыпқа айналуы мүмкін, себебі қайта жанданған және нарыққа бейімделген әлеуметтік көмек

қатынастарын, әлеуметтік құрылымдар мен билік жүйелерін түсінуге мүмкіндік береді.

Отбасында әлеуметтік жұмыс әйел адамдармен ақысыз түрде жасалынатын үрдіс қалыптасқанмен де, XX ғасырдан соң отбасынан тыс жасалатын әлеуметтік жұмыстың қоғамдағы маңызы арта бастады. Әйелдердің үйден тыс еңбек етуі арта бастағандықтан, басқа отбасыларда әлеуметтік жұмысқа деген сұраныс та еселеді. Австралиядағы Үкімет, басқа мемлекеттердегі сияқты, ресми және ақылы әлеуметтік көмекті қол жетімді ету арқылы осы жағдайға жауап беруге мәжбүр болды.

Аса күрделі экономикалық жағдайға қарамастан, Австралия ресми әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету жүйесінің ауқымын кеңейтті, осы арқылы әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, қаржыландыру және қамтамасыз ету мәселелерінде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Осы өзгерістер нәрестелер мен балаларға әлеуметтік көмек көрсетуден бастап, мүгедек адамдарға көмек көрсету және қарт адамдарды күтуге дейінгі арнайы бағыттарды қамтуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік көмектің әр секторы өзіндік ерекшеліктерге ие болғанымен де, осы ерекшеліктер үлкен өзгерістерді жоққа шығара алмайды, сонымен қатар осы секторларға ортақ сипаттамалардың барлығы мемлекет пен нарық тарапынан іс-әрекеттер мен орынды жауаптар талап етеді.

> Қарттарға және мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету саласындағы реформалар

Австралиядағы қарттарға әлеуметтік көмек саясаты егде азаматтардың қажеттіліктерін қамтуға бағытталып, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. 50 жылда қарттарға әлеуметтік көмек көрсету саласының кең ауқымды дамуы мен реформалануымен байланысты өзгерістер орын алды, бірақ осы уақытта қызмет көрсетудің барлық түрлері мен деңгейлеріндегі төлем ақыларын өсіру арқылы жүйенің негізгі бөлшектерін іргелі түрде қайта құру бойынша шаралар жүзеге асты. Нарық қағидаттарына иек арту жағдайлары және коммерциялық қызмет көрсетушілердің нарықтағы үлесі артуда.

Бастапқы бағдарламаға қарағанда, жаңа Үйде әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасы ұлттық деңгейде және Австралия штаттарының барлығын әр-

түрлі деңгейде қамтиды. Австралиядағы мүгедек адамдарға әлеуметтік көмек көрсету бойынша реформалар да ұлттық деңгейді қамтып, саны жыл сайын ұлғайып келе жатқан әлеуметтік көмекке зәру мүгедек адамдардың қажеттіліктерін өтеуге бағытталған. Сонымен қатар реформалар мемлекет тарапынан алдағы уақытта көрсетілген тең емес және сапасы төмен әлеуметтік қызметтерге қарсы гуманитарлық шаралар қолдану мақсатында жүзеге асырылды.

Реформалауға ұшыраған қарттарға әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасында Тұтынушы басқаратын әлеуметтік қызмет әдісі ретінде белгілі жеке адамдардың төлемақы жасауы оларға қызметтерді сатып алу барысында қорларын өздігінше басқаруға мүмкіндік береді. Бұл реформа денсаулығында ақауы бар адамдарға, сонымен қатар отбасының қамқорлығын қажет ететін ақыл-ойы кемтар ересек балалардың ата-аналары (көбінесе, аналары мен қатты қартайған ата-аналар) үшін ерекше пайдалы.

Екі бағдарламада әлеуметтік қызмет көрсетуді ақылы ету бастамасы қызметтер нарығын дамытып, коммерциялық қызмет көрсетуді ілгерілетеді. Сонымен қатар, ол уақытша еңбекпен қамтуды күшейтіп, жұмыскерлердің еңбек жағдайлары мен мемлекеттік және коммерциялық емес әлеуметтік қызмет түрлеріне үлкен ықпалын тигізеді.

> Балаларға қамқорлық жасау

Австралия 1970-1980 жылдары балаларға әлеуметтік көмек көрсетудің ұлттық бағдарламасын жасақтаған алғашқы ағылшын тілді мемлекет болуы мүмкін. Алғашқыда барлық қызмет көрсетушілер коммерциялық емес еді, ал 1990-жылдан бастап коммерциялық қызмет көрсету түрлері пайда болды. Қаржыландыру жүйесі, қажеттіліктер бойынша субсидиялау және қадағалаудың шектелген формалары әлеуметтік қызмет үшін төлемақының өсуіне алып келді. Нәтижесінде көптеген отбасылар балаға әлеуметтік көмек қызметін пайдалана алмады. Либералдардан тұратын қазіргі билік етуші үкімет қызмет ететін барлық қорларды қайта үлестірмекші және қызмет көрсету ауқымын ұлғайтпақшы, бірақ барлық субсидияларды қайтадан әйел аналардың еңбек етуімен байланысты қарастырды.

Жоғарыда сипатталған бағдарла-

малардың әрқайсысы ақылы ресми қызметтер мен отбасындағы әлеуметтік қызмет көрсетудің орнын алмастырды. ЕЫДҰ-ның әр мемлекетінде және АҚШ-та баламалы әдіс мемлекет тарапынан балаға қарау бойынша ақылы еңбек демалысына мүмкіндік бере алады. Ұлттық бағдарлама Австралияда 2011 жылы жарияланды, бірақ бағдарламаға қатысушылар санын қысқартатын және басымдық беретін жұмыстарда еңбек ететіндерді қатысушы ретінде шектейтін жаңа ережелерді енгізу нәтижесінде осы бағдарлама бірнеше жыл ішінде қызметін тоқтатты.

> Әлеуметтік қызметтің жаңа үлгісін жасаудағы қиындықтар

Бұрын қолданыста болған әлеуметтік даму бағдарламалары әлеуметтік көмекке қажеттіліктерді қа-нағатандыруда отбасылардың шектелген мүмкіндіктері мәселесін шешуге бағытталған. Бүгінгі күні саясаткерлер мемлекет қадағалайтын және өзі реттелетін әлеуметтік қызмет нарығына негізделген баламалы жүйені құрастыруға талпынуда. Австралиядағы әртүрлі реттелетін нарықтардың пайда болуы отбасылардың қажеттіліктеріне негізделген төлемдер мен коммерциялық қызмет көрсетушілер ұсынатын арзан қызмет түрлерінің «тиімділігімен» мемлекеттік қаржыландыруды алмас-тыру арқылы мемлекеттік тікелей шығындарды азайтуға алғышарттар жасайды. Дегенмен, осы әдіс қызметтерді тұтынушыларын «таңдау» мүмкіндігімен қызықтырса, бұл мәселе қызметтерді тұтынушылар мен қызмет көрсетуші жұмыскерлерге де қауіпсіздік бойынша айтарлықтай қиындықтар тудырады. Әсіресе, әлеуметтік қызметкерлердің басым бөлігінің еңбек жағдайлары нашарлайды және мансап бойынша өсу әлеуетін жоғалтады.

Әлеуметтанушылар үшін де бұл мәселе маңызды болып табылады. Теориядан алшақтау үшін біз осы жаңа әлеуметтік қызмет жүйелерін қалай жетілдіру керектігін түсінуіміз қажет. Осы жұмысты жүзеге асыру барысында жаңа жүйе бір жағынан қызмет көрсету, төлем жүргізу, аталмыш жүйелердің адал қызметі мен уәдмесі, жеке және отбасылық жақындығының нәтижелерін тіркеу мен талдау қажет болса, екінші жағынан ақылы жұмыспен қамтуды талап етеді.■

Хаттарды Майкл Д. Файнға <michael.fine@mq.edu.au> жолдауға болады.

> Ұзақ мерзімді әлеуметтік көмек

көрсету: Швеция мен Жапонияны салыстыру

Хильдегард Теобальд, Вехта университеті, Германия және Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының Халықтың қартаюы (RC11), Кедейлік, әлеуметтік әл-ауқаттылық және әлеуметтік саясат (RC19) бойынша зерттеу комитеттерінің мүшесі және **Яюи Саито**, Осака университеті, Жапония



Жапониядағы белсенді қариялар.
Суретті түсірген Пия Киненгер.

1 980-жылдардан бастап Батыс елдерінің басым көпшілігінде ұзақ мерзімді әлеуметтік көмек көрсету саясаты біршама қайта қаралып, әлеуметтік көмекке зәру адамдар мен әлеуметтік қызметкерлерге қатысты ықпалы артты. Мемлекеттер көбіне бір бірінен әлеуметтік саясат жүргізу әдістерін көшіретін. Швеция мен Жапониядағы ұзақ мерзімді әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламалары әл-ауқаттылық жүйелері мен отбасылық жауапкершілік идеялары әртүрлі негізде құрылғанымен, шведтік ұзақ мерзімдік әлеуметтік көмек көрсету бағдарламалары Жапониядағы осындай саясаттың дамуында айрықша рөл ойнаған болатын.

Швецияда 1960 жылдардың өзінде мемлекеттік қызметтің әмбебап үлгісіндегі қарт адамдарға бағытталған әлеуметтік көмек қызметі бірте-бірте жергілікті деңгейлерге тарала бастады. 1982 жылы ол ресми түрде Әлеуметтік қызмет туралы ұлттық заң арқылы реттелетін болды. Заң көмек

көрсету бойынша ортақ құқықтарды қарастырып, жергілікті әкімшілікке қажетті әлеуметтік қызмет түрлерінің көрсетіліп жатқандығын тексеруге жауапкершілік артқанымен, аталмыш заңда құзыреттілік немесе ерекше қызмет түрлері бойынша нақты реттеулер жетіспеді. 1980- жылдан бастап қаржылық шектеулер және демографиялық өзгерістер салдарынан қоғамдық қызметтерді көрсету қарқыны біртіндеп бәсеңдей бастады және көп жағдайда аса мұқтаж адамдардың қажеттіліктеріне бағытталды. 2012 жылы 64 жастан асқан адамдардың 9% үйдегі күтім бойынша қоғамдық қызметтерді пайдаланған болса, 5% интернаттық мекемелерде әлеуметтік қызмет түрлерін пайдаланды. Дегенмен, көрсетілген қызмет түрлерінің үлесі халықаралық деңгеймен салыстырғанда жоғары болып қала берді және жеке қосымша төлемдер барлық көрсетілген қызметтер бағасының тек 5% ғана қамтыды.

>>

Жапонияда қарт адамдарға үйде көмек көрсету бойынша қоғамдық қызмет түрлері 1960 жылдары енгізілгенімен, бұл қызмет тек жалғыз тұратын қарттарға бағытталып, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына назар аударылатын. Отбасылық жауапкершілік пен шектелген әлеуметтік құқықтар сияқты қоғамның ерекшелігі үйде көмек көрсету қызметтерін шектеген еді. 1989 жылдан бастап Жапонияда шведтік жергілікті қоғамдық қызмет үлгісі бойынша «Қарттарды медициналық және әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ететін онжылдық стратегия» (Алтын жоспар) салықтар негізінде жергілікті жерлерде үйде көмек көрсету қызметтерін ұсынды. Дегенмен, үйде көмек көрсету қызметтерін көпшілікке таратудағы қиындықтар, шектелген жергілікті бюджет және жапондықтардың салықтар өсіміне сыни көзқарастары салдарынан 2000 жылы жартылай салықтар мен әлеуметтік сақтандыру қорларынан қаржыландырылатын әмбебап Ұзақ мерзімді әлеуметтік көмек көрсету бойынша сақтандыру (ҰМӘККС) бағдарламасы енгізілді. ҰМӘККС бағдарламасы аясында күрделі және қарапайым мұқтаждықтарына қарай егде кісілерге қарттар үйінде әлеуметтік көмек және үйдегі көмек қызметтері көрсетілді. Бұл шара қызметті пайдаланушылар санын әлдеқайда арттырды. 2011 жылы 64 жастан асқан қарттардың 13% жуығы ұзақ мерзімді әлеуметтік көмек қызметін пайдаланды. Осы көрсеткіштің ішінде қарттардың 4,4% үйдегі әлеуметтік көмек қызметін, 5,4% күндізгі көмек көрсету орталықтарының қызметін және қарттар үйіндегі қызметтерді 3% пайдаланды.

2015 жылдың сәуір айында жаңа реформа қоғамдық қызмет түрлерін әлеуметтік көмекке біршама мұқтаждықтары бар қарттарға бағыттауды мақсат етті, ал өзгертілген бағдарлама бойынша табысы жоғары қарт адамдар үшін қызметтерге төлем ақысы 10%-дан 20% дейін өсті.

Швеция мен Жапонияда қызмет көрсету нарыққа бейімделгенімен, оны әлі күнге дейін мемлекет қаржыландыруда. 1990-жылдары Швецияда сәтті қалыптасып үлгерген қарттар үйінде және үйде әлеуметтік қызмет көрсету инфрақұрылымы коммерциялық және коммерциялық емес қызмет көрсетушілер үшін ашық болды. Бастапқыда нарықтандыру үдерісі мемлекеттік қызметтер көрсету түрлерін бәсекелес ортадағы коммерциялық қызмет көрсетушілермен аутсорсинг негізінде жүзеге асқан болса, кейіннен жергілікті деңгейде тұтынушының таңдау үлгілері басымдыққа ие болды. Осы бағдарламаларда жергілікті басқару органдары мемлекеттік және жеке қызмет көрсетушілерді тіркеуге алып, қызметті пайдаланушылар арасынан таңдау құқығына ие болды. 2012 жылға қарай қарттар үйіндегі және үйдегі әлеуметтік қызмет көрсету түрлерінің 20% жуығы коммерциялық қызмет көрсетушілермен үлкен желілер арқылы жүзеге асырылды.

Жапонияда ҰМӘККС мемлекеттік, коммерциялық және коммерциялық емес қызмет көрсетушілер арасындағы бәсекелестік арқылы ұйымдастырылған үйде көмек көрсету нарығының қалыптасуына мұрындық болды. Басқаша айтқанда, Жапонияда тұтынушы таңдауына негізделген үлгі пайда болды. Дегенмен, қарттар үйіндегі әлеуметтік көмек қызметтері әлі де мемлекеттік немесе коммерциялық емес ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті басқару органдары ҰМӘККС және салықтар арқылы қаржыландырып, жүйені басқарса, әкімшілік аймақты басқару органы (префектура) әлеуметтік қызмет көрсетушілерді тіркеу және қосымша салықтар арқылы қаржыландыру мәселелерімен айналысады. Әмбебап ҰМӘККС бағдарламасы енгізілгеннен кейін үйдегі көмек көрсету қызметкерлердің саны арта бастады. Осылайша коммерциялық қызмет көрсетушілердің саны 2000 жылы 30%-дан 2012 жылы 63% дейін өсті.

Әлеуметтік көмекке мемлекеттік қолдау, инфрақұрылымның кең өріс алуы және нарықты қалыптастыруға бағытталған реформалар арқасында әлеуметтік жұмыскерлердің, әсіресе үйдегі қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлердің жағдайы айтарлықтай өзгерді. Соңғы зерттеулер нәтижесі бойынша, екі елдегі үйде әлеуметтік көмек көрсететін адамдардың еңбек жағдайларында әлеуметтік жұмыстың жоғары деңгейдегі үлгілер бойынша атқарылатындығы және жұмыс көлемінің аумақты екендігі анықталды. Екі елдің әлеуметтік жұмыскерлері де барлық тапсырмаларды аса мұқият жасалған кестеге сай алдын ала орындап қоятындығын баяндады, бірақ олар әлеуметтік жұмыс саласындағы қайта құруларды елдің дамуындағы ерекше үрдістермен байланыстырады. Мысалы, Швецияда ұзақ уақытқа шақталған мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету түрлерінің біртіндеп бәсеңдеуі, қолданыстағы әлеуметтік көмек инфрақұрылымын нарыққа бейімдеп өзгерту, әлеуметтік көмек көрсетудің қысқа мерзімге есептелуі және қоғамдағы үстем нормалардың бұзылуы әлеуметтік жұмыскерлердің қатты сынына ұшырады. Жапонияда әлеуметтік қызметкерлер дәл осындай жаңа бастамаларға қатты наразы болған жоқ, себебі әлеуметтік көмек көрсету қызметтерінің кең таралуы мен мемлекеттің қолдау шаралары нарыққа бағытталған қайта құрулармен тұспа-тұс келді. Дегенмен, екі елде де әлеуметтік қызметкерлердің 40% астамы жұмыстарын ауыстыруды ойлауда. Жұмысқа қанағаттанбаушылықты көбісі еңбек жағдайлары арқылы толықтыруға тырысады. Жапонияда әлеуметтік қызметкерлердің қанағаттанбаушылық себептері көбінесе ауыр жұмыспен және төмен еңбек ақысымен байланысты болса, Швецияда жұмыскерлер наразылығын бағдарламалық өзгерістер туындатты.■

Хаттарды Хильдегард Теобальдқа <hildegard.theobald@uni-vechta.de> және Яюи Саитоға <ysaito@hus.osaka-u.ac.jp> жолдауға болады.

> Германия мен Австриядағы адам күтімі келбетінің өзгеруі

Роланд Атзуллер, Иоганнес Кеплер - Линц университеті (Австрия), кедейлік мәселесі бойынша ғылыми-зерттеу комитетінің, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік саясат бойынша (RC19) халықаралық стандарт аудитінің (ХСА) мүшесі; **Бриджит Ауленбахер**, Иоганн Кеплер - Линц университеті (Австрия), экономика және қоғам (RC02), RC19 ғылыми-зерттеу комитетінің, еңбек әлеуметтануы (RC30) мен қоғамдағы әйелдер (RC32) халықаралық стандарт аудитінің (ХСА) мүшесі, Әлеуметтану бойынша Үшінші ХСА Жергілікті форумы ұйымдастыру комитетінің вице-төрағасы (Вена 2016); **Альмут Баченгер**, Иоганн Кеплер - Линц университеті (Австрия); **Биргит Риеграф**, Падерборн университеті (Германия), RC02, RC19, RC30 және RC32 мүшесі.



Австриялық балабақшадағы
үйреншікті жағдай. Суретті түсірген
Арбайтеркаммер Оберустеррич,
Австрия.

Бұл жұмыста Шығыс Еуропа шекарасында орналасқан Батыс Еуропадағы екі экономикалық қуатты мемлекет - Австрия және Германия қазіргі кездегі іргелі қайта құрылымдау үдерісіндегі консервативті әлеуметтік

мемлекеттер ретінде қарастырылады. Екі мемлекетте де адам күтімі мәселесі төңірегіндегі міндеттемелер мен сұраныстар, әсіресе қарттарға қамқорлық пен бала күтімі және осы сұраныстардың жеке меншік күтім саласында, үй шаруашылықтарында,

>>



1-мамыр – көрінбейтін еңбек күні.
Белгілі неміс актрисасы Ида Шумахердің
қиялдағы көрінбейтін жұмыс киіміндегі
мүсіні Суретті түсірген Биргит Эрбе.

кәсіби салаларда іске асыру мәселелері күн тәртібіне қойылуда.

> Еңбек мигранттарын қанау

Германия мен Австрияда тегін көмектің көпшілігі отбасыларға, негізінен әйелдерге көрсетіледі. Қазіргі кездегі нарықта әйел рөлі арта бастаса да, балама өмір түрі тұрақты құрылымның бұзылуы деген түсінікке әкеп соқпайды, оның үстіне мемлекеттің бөлінген ақшасы осы жүйеде қаржылық ынталандыру және салық жеңілдіктері арқылы қолдау көрсетуде. Германия мен Австрияда, басқа елдердегі сияқты мигрант әйелдер үш негізгі міндетті атқарады: үй шаруашылығында тазалықты сақтау, күтім және ас дайындау. Бұл жүйе ерлер мен әйелдер арасындағы дәстүрлі еңбек бөлінісін өзгеріссіз қалдыра отырып, күтім көрсету бойынша қоғамдық сектордың сұранысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Австрия және Германияның трансшекаралық ұстанымдары, Шығыс пен Батыс арасындағы еңбек табысындағы теңсіздік сондай-ақ, Шығыс Еуропадағы білікті мамандардың көп болуы – мигрант әйелдерге, әсіресе дамушы мемлекеттерден келетіндерге жұмыс табу мүмкіндігіне зор жағдай жасайды.

24 - сағаттық күтім деп аталатын қызмет түрін реттеу мақсатында Австрия үй шаруашылығында оны заңдастыру туралы шешім қабылдайды. Осылайша, Германияның мемлекеті-шілік мигрант еңбегі саласындағы саясатқа - құқықтық, жартылай-құқықтық, заңсыз тұру және жұмыспен қамтылу тараулары ресми кірістірілді. Австрияда саяси сұранымда және субсидияланған, ал Германияда мигранттардың жұмыспен қамтылуына бейресми төзімділік болғанына қарамастан осы елдегі мемлекетішілік жұмыспен қамту стандарттарына сәйкессіздік - елде мигранттардың еңбек етуіне жақсы жағдай жасалынды. Күнделікті қол жетімділік, әлеуметтік оқшаулануға қарамастан жоғары дәрежедегі жауапкершілік сезімі және олардың аз көлемдегі табыс көзі жұмыс берушілерінің үй шаруашылығында тұратын әйел- мигранттардың қызметін қалыптастырды.

Жоғарыда айтылғандарды талдай келсек, Австрия мен Германияда орта таптың үй шаруашылығы бір жағынан әлеуметтік мемлекеттің көмегімен, екінші жағынан төмен ақылы еңбек мигранттарының арқасында тұрмыстық қажетті күтім, т.б. көмек алуға зор мүмкіндіктері пайда болды. Алайда, күтім саласындағы қызметкерлердің

жетіспеушілігіне, мигрант әйелдердің туыстары жұмыс іздеп осында ағылуына байланысты Шығыс Еуропа елдерінен еңбек күші келуінің жаңа жолдарының қалыптасуын байқаймыз. Әйел мигранттардың жұмысы негізінен аустриялық немесе неміс үй шаруашылықтары арасында ауытқитын, ақысы төленетін күтім қызметі. Айта кететін жәйт, әйел мигранттардың өз отанында да жұмыс істеуіне жағдай бар, бірақ ондағы жұмыс ауыр қара жұмыс бола тұра, ақысы да төленбей қалуы мүмкін.

> Қоғамдық сектордағы күтім қызметі

Әсіресе 2008 жылғы қаржы дағдарысы және одан кейінгі үнемдеу схемасы, оның үстіне жаңа жеке меншік провайдерлерінің аймақтағы үлес нарығы үшін бәсекеге түсуі қарттарға кәсіби қамқорлық қызметі мен бала күтімі мәселесін айтарлықтай қысым астында қалдырды. Бірақ, жаңа қоғамдық басқаруға сәйкес рационализациялау және қайта құрылымдау шаралары жұмыскерлер мен жұмыс процестерін тиісінше ретке келтірді, бұл өз кезегінде күтімді енді экономикалық тиімді жолға салуы керек болатын.

Шын мәнінде адам күтімі процесі

>>

саласындағы ретсіз жұмыс кестесі қызметкердің психикалық денсаулығын немесе табиғи қалпын сақтауына қиындық туғызып отырды. Балабақшалардағы бала күтімі жұмысын қайта жаңғырту туралы берген уәделерінің өтемі лық толы аудиториялармен шешіlmек болып қиын жағдай туғызды.

Егде жастағы адамдардың және балалардың үй күтімі ұзақ уақыт бойы «бірқалыпты өзгермес» мәселе ретінде қарастырылды, себебі бұл салада қызмет атқаратын адамдар өздері күтім көрсетіп жүрген пациенттерін қараусыз қалдыруға ниеті болмаған еді. Бірақ, уақыт өте келе, бұл динамика өзгере бастады: бүгін Германияда бала бақша тәрбиешілері өз жалақыларын, кәсіби статусын арттыру және еңбек жағдайын жақсарту мәселесін қозғап, ереуілге шығуда. Осындай ереуілдер 2009 жылы Австрияда кең тарай бастады: ереуілдің соңғы толқынын қолдау мақсатында Австрияда «Бала бақша ұжымы» (бала бақша ереуілшілері ұжымы) құрылған болатын. Осындай ұжымдар өз саласындағы бала күтіміндегі қиындықтар мен еңбек жағдайының күрделілігіне назар аударту үшін баламалы шараларға барып отырды.

Қосымша, бала бақшадағы және қарттар үйіндегі ереуілшілердің шарттарын қолдау мақсатында Австрия мен Германияда азаматтық қауымдастықтың жаңа формалары, қоғамдық қозғалыстар мен альянстар құрылып жатты. Сондай-ақ, «қоғам қамқоры», «революцияға қамқор», «манифесті қолдау» сияқты бастамалар өз кезегінде саяси талаптармен қоса капитализмді де сынай отырып жақсы өмірдің баламасына негізделген ұсыныстарды беруге тырысты.

Алайда, осы уақытта күтім секторындағы рационализация жаңа әлеуметтік поляризациямен қатар жаңа еңбек бөлінісі процесі жүріп

жатты, бұған мысал, күтім қызметін көрсету басшылығымен - сол қызметті жүзеге асыратын жұмысшы арасында ынтымақтастық енді жоққа шығарылып отырды.

> Күтімдегі балама концептілер

Осылайша, қоғамда өсіп отырған күтімге байланысты қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оны дұрыс ұйымдастыруға бағытталған жаңа ұсыныстар пайда болды. Бірінші кезекте ойлау қабілеті төмен науқастарға күтім көрсететін алғашқы жергілікті басқарылатын қоғамдық қауымдастық 1990-шы жылдары құрылды. Бұл қоғамдық қауымдастық адам күтімінде екі баламаны ұсынды: біреуі – үй шаруашылығындағы күтім болса, екіншісі – қарттар үйіндегі күтім.

Отбасы мүшелерінің ұйымдастыруымен құрылған Жергілікті күтім қауымдастықтарының резиденциялары әдетте күтім бойынша негізгі жұмыстарды жүзеге асырса, қалған күтім жұмыстары ұялы қызмет қызметкерлерінің өзіне жүктелді. Бұл қайырымдылық көмек нұсқасы отбасылық үлгіге негізделгенмен ақылы қызмет болды. Осы келісімдердің көпшілігі орта таптың жобалары болғанына қарамастан білікті мамандарға өзінің кәсіби қызметін - стационарлық науқастардың күтіміне жасалынған мүмкіндіктерге қарағанда лайықты жүзеге асыруға қанағаттанарлық жағдай ұсынды. Бірақ бұл жобаларды қаржыландырудың шектеулі болуы өндірістік қатынастардың тұрақсыздығына әкелді: білікті қызметкерлер толық жұмыс уақытымен қамтамасыз етілмеді, ал ресми келісімсіз жұмыспен қамтылғандар, яғни негізінен мигрант әйелдер көзге түсе қоймайтын, көбіне қара жұмыс атқаратын. Дегенмен, бұл әдіс күтім саласы қызметкерлері үшін төмен жалақы мен қоғамдағы беделінің аса жоғары болмауына қарамастан,

ол кем дегенде құқықтық еңбек қатынастарындағы қысымды байқатты.

> Күтім жұмысы – бәсеке алаңы

Күтім секторындағы жаңа ұйымдастыру Батысеуропадағы әлеуметтік мемлекет-тердің қайта құ-руға байланысты пайда болған поляризациялық ықпалын анық-тауда. Бұл қайта құру процесі кейіннен бюджеттік үнемдеудің қатты қысымының астында қалды. Қайырымдылық ісін қайта ұйымдастыру - экономикалық және (халықаралық) бәсекелестікке сәйкес көзқарас бойынша бұл саланың табыстылығын талап етуі керек. Осылайша, бір жағынан егде жастағы адамдар үшін қарастырылған «табыс әкелмейтін шығындар» ресми емес келісімдер қатарына жатқызылып, бұл этникалық жүктелген күтім сияқты анықталады. Екінші жағынан, әлауқаттылықтың экономикалық императивтерге бағынышты болуының артып келе жатқаны күтім қызметіне өз әсерін беруде, мысалы бала күтімінің дамуы экономикалық бәсекеге қабілеттілік пен жастардың мансаптық өсу мүмкіндігін көтереді. Алайда, жеке күтімнің, кәсіби білікті қызметтің және әлеуметтік тұтастықтың төмендеуінің себебі, ол күтім жұмысындағы ұйымдастырудағы келіспеушілік екенін көрсеткен мысалымыз анықтап отыр. Қорыта айтқанда, біздің пайымдауымыз әлеуметтік мемлекеттіліктен инвестициялық мемлекеттікке өту жолы күтім саласы қызметкерлері тарапынан және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы бәсекелестердің үлкен наразылығын тудырды.■

Барлық хат-хабарларды Бриджит Ауленбахер <brigitte.aulenbacher@jku.at> және Биргит Риеграфке <[brigraf@mail.uni-paderborn.de](mailto:briegraf@mail.uni-paderborn.de)> бағыттау.

> Чили, Коста-Рика және Испанияда күрделі жағдайдағы күтім

Моника Будовски - Фрибург (Швейцария) университеті, экономика мен қоғам бойынша ХСА зерттеу комитетінің мүшесі (RC02), кедейлік, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік көрсеткіштер (RC55) және әлеуметтік саясат жөніндегі ғылыми-зерттеу комитетінің мүшесі (RC19); **Себастьян Шниф**, Фрибург (Швейцария) университеті; **В. Дэниел Вера Рохас**, Вальпараисо Папа католик университеті (Чили).¹



Коста-Рикадағы қиын өмір
Суретті түсірген В. Дэниел Вера
Рохас

Күтім процесі қоғамда әртүрлі ұйымдастырылады. Отбасы және отбасы мүшелері, оның ішінде әсіресе әйелдер ең көп күтім көрсетеді; бірақ күтімді ұйымдастыру мәселелерінің шешімі – мемлекеттің бағдарланған қызмет көрсетуіне және қоғам тарапынан қолдау табуына да байланысты. Біз жүргізген сауалнаманың нәтижесін қарастырсақ, Чили, Коста-Рика және Испанияда әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің принциптері күтім көрсету процесінің қалай қалыптасатынын көрсетеді.

Чилидің әлеуметтік көмекті ұйымдастыру принциптері – либералдық, яғни нарықтың және жеке жауапкершіліктің маңызды рөлін анықтайды. Осылайша, егер еңбек нарығында қол жетімді бірнеше қызмет түрі бар екендігіне сенетін болсақ, онда үй шаруашылықтары тұрмыстық шаруашылық міндеттерді

гендерлік негізде бөле отырып, күтім мәселелерін жеке өз күштерімен шешуге тырысуын күтеміз. Коста-Рика принциптері әлеуметтік демократиялық болып табылады: мемлекеттік саясат маңызды бола отырып, үй шаруашылығы саласында қажеттілік туындағанда мемлекеттік қызметтер мен бағдарламаларға айналады. Испанияның әлеуметтік саясаты негізінен консервативті принциптерді қамтиды: мемлекет күтімді үй шаруашылықтарының өздері ұйымдастыруына қалдырған (бірінші кезекте әйелдердің өзіне) және ресми жұмыспен қамтылғандарды (ең алдымен ерлерді) бұл міндеттерден қорғайды. Сонымен, Испанияда бала күтімі бойынша ұйымдастыру міндеттері үй шаруашылығы және отбасы мүшелерінің бақылауында болады, тек осыдан кейін ғана мемлекеттік саясаттың, қауымдастықтың немесе достарының

>>

араласуына жол беріледі. Үш мемлекетте де күтімді ұйымдастыруда үй шаруашылықтарының гендерлік еңбек бөлінісі – негізгі мәселе. Оның үстіне үш мемлекетте бүгінгі күнге дейін жалғасып отырған қаржы дағдарысы күтім мәселесіне өз ықпалын тигізуде.

> Күрделі жағдайдағы үй шаруашылықтарында бала күтімін ұйымдастыру

Үш мемлекетте де «Тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық жағдайда (әлеуметтік-материалдық жағдайы төмен немесе кедейлікке жақын) үй шаруашылықтары күнделікті өмірін қалай ұйымдастырады» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Осындай үй шаруашылықтары кедейлерге көмектесуге бағытталған әлеуметтік саясатта қарастырылмаған және олардың шектеулі қаржы ресурстары күтім қызметін, аутсорсингті қолдануға мүмкіндік бермейді, мысалы, бала күтіміне байланысты қызмет үшін ақы төлеу. 2008-2010 жылдар аралығында үй шаруашылықтарында отбасы мүшелерінің бала күтімі мәселе туралы не ойлайтынын білу үшін алдымен үлгіде көрсетілгендей үш қаланың үй шаруашылықтарында сауалнама жүргізілді (әр мемлекеттің бір қаласында 24 пен 31 үй шаруашылықтарының арасында). Чилиде қанағаттанарлық бала күтімінің ақысы төленбейтін ресми емес отбасылық қолдау мен бала күтіміне арналған ақылы қызметке байланысты. Жеке (субсидияланатын) ресми бала күтімі негізінен баланың дамуы үшін пайдалы деп танылғанда немесе ата-анасының табысы үй шаруашылығының тұрмысы үшін және болашаққа жоспар құру үшін қажетті деп саналғанда қолданылады. Респонденттер еңбек нарығында күтім саласы қызметінің өзіндік артықшылықтары бар екендігіне сенімсіздікпен қарайды: бірқалыпты реттелмеген жұмыс күні, еңбек жағдайларының нашарлығы, төмен жалақы және уақытша жұмыс түсініктері табыс, қанағаттану, қауіпсіздік және идентификация түсініктерімен салыстырылды. Респонденттердің басым бөлігі «ана рөлі» ақылы қызмет пен күтім арасында шиеленіс орын алатынын меңзеп, еңбектің дәстүрлі гендерлік бөлінуін көрсетті. Нарық та, мемлекет те, азаматтық қоғамдық ұйымдар да осы шиеленісті жеңілдетуге мүмкіндік жасай алмады.

Коста-Риканың үй шаруашылықтарында бала күтімін ұйымдастыруды талдау үшін гендерлік принциптер және ұрпақтар арасындағы еңбек бөлінісі ескеріле отырып сұхбат жүргізілді. Сондай-ақ, осы сұхбатта жұмыс және бала күтімі мәселесі үй шаруашылығындағы әртүрлі ұрпақ әйелдері арасында талқыланды. Әдетте осындай талқылаулар шын мәнінде кім үздік, табысты ұйымдастырушы дегенге негізделеді.

Бала күтімі процесінде әйелдер кейде бір-біріне көмектеседі: егер әйел адамның жұмысы толық жұмыс күнін қамтыса, онда жұмыссыз не жартылай жұмыспен қамтылған отбасының басқа мүшелері - әже, қарындас немесе басқа туыстар - бала күтіміне тікелей қатысады. Егер де бала күтіміндегі қажеттіліктер үй шаруашылығының ішкі қаражаты мүмкіндіктері шеңберінен шыға бастаса, онда мемлекет осы олқылықтың орнын еңбек нарығында жағдай жасау арқылы толтыратынына респонденттер сенімді. Чили мен Испанияға қарағанда, Коста-Риканың еңбек нарығында бала күтіміне байланысты мәселеде қиындықтар аз. Алайда, Коста-Рикада ерлер бала күтіміне араласа қоймайды, ал әйелдер олардың көмегін талап етпейді де.

Испан үй шаруашылығында бала күтімі жауапкершілігін әйелдер өз мойнына алу тенденциясы болды. Қаржы дағдарысы жұмысқа

орналасу мүмкіндігін шектеп, мемлекет қолдауындағы қоғамдық күтімді қысқартты. Бұл жағдай әлеуметтік қорғаудың басқа салалары жұмысына кері ықпалын тигізді. Зерттеу барысында таңдап алынған испан отбасыларының басым бөлігінде бала болмады. Бірақ, үй шаруашылығындағы гендерлік еңбек бөлінісін сынау және жұмысқа орналасудағы шектеулі мүмкіндіктерге байланысты шағымдар, жеке меншік және қоғамдық күтім ресурстарына қолжетімділіктің жоқтығы – қаржы дағдарысынан болып отыр. Сондықтан қоғамдағы бала күтіміне байланысты жағдайдың шегінен шығып бара жатқанын ескере отырып, жеке адамдар және қауымдастық өз мүмкіндіктерін қолдана отырып осы мәселені шешуге тырысты. Осылайша, респонденттер отбасындағы гендерлік еңбек мәселесінің шешімін әйелдер қарастыру керек деген ойда.

> Мемлекеттерді салыстыру

Еңбек табысы төмен үй шаруашылықтарында бала күтімін ұйымдастыруда екі негізгі ерекшелік анықталады: біріншісі – ол бала күтімінде отбасы мен үй шаруашылығының маңызы зор екенін көрсете отырып, гендерліктің сақталуы және үй шаруашылығы ішіндегі ұрпақтар арасындағы еңбек бөлінісінің анықталуы; екіншіден – үй шаруашылығында бала күтімін ұйымдастыруда мемлекеттік әлеуметтік жүйе мен экономикадағы әлеуметтік әл-ауқат ерекше.

Күрделі жағдайдағы үй шаруашылықтарында (кедей емес, бірақ кедейлікке жақын) гендерлік еңбек бөлінісі және материалдық табыс көрсеткіші бала күтімінде маңызды. Сонымен қатар, бала күтімін ұйымдастыруда және оның тәжірибесінде гендерлік рөлдің әлеуметтік қабылдануы мен мемлекеттің қолдау мүмкіндігі ықпал етеді. Үй шаруашылығында бала күтімін жеңілдету үшін Коста-Риканың отбасылық саясаты үй шаруашылығындағы үш ұрпақ сабақтастығының тәжірибесінен көрініс тапты. Чилидің еңбек ету жағдайындағы күрделі шарттар, жұмыс табу мүмкіндігінің төмендігі және бала қарау мекемелерінің аздығы мен дәстүрлі гендерлік идеология бала күтімін ұйымдастыруға едәуір ықпал етуде. Сондықтан Испанияда бала саны аз болса, әйелге жүктелетін міндеттің тұрмыстық қиындығы да аз болады. Сондай-ақ қаржы дағдарысы нәтижесінде ақылы жұмыс табу мен қоғамдық қызмет ету мүмкіндігінің қысқаруы әйелдің бала күтімі мен жұмысты қатар атқаруына жетелейді.

Ал, Коста-Рикадағы бала күтімін ұйымдастыру жеңіл жүзеге асты. Мұнда әйелдер, отбасы мүшелері және мемлекеттік көмектің бірге әрекет етуі арқылы қиындықтар жеңілдеді. Чилиде еңбек ету жағдайы мен қоғамдық күтімнің төмендігі, жеке меншік ұйымның бала күтіміндегі қақтығысы, дәстүрлі гендерлік еңбек бөлінісі мен дәстүрлі гендерлік идеология бала күтімін ұйымдастыруды аса қиындатты. Мұндай процестер Испанияда да көрініс тауып отыр. Испанияда гендерлік еңбек бөлінісі және баланы мектепке дейінгі дайындық мекемелерінің қысқаруы, жұмыс табу мүмкіндігінің төмендігі бала күтімін ұйымдастыруды қиындатты. ■

Барлық хат-хабарларды Моника Будовскиге monica.budowski@unifr.ch бағыттау.

¹ Жобаны швейцариялық ұлттық ғылыми қор қаржыландырған. Фрибург Университеті (Швейцария) Памплонна қоғамдық университеті (Испания), Темүко католик университеті (Чили) және Коста Рика университетімен (Коста Рика) ынтымақтастықта жүзеге асырды.

> Оңтүстік Африкада көмек көрсету

Елена Мур, Кейптаун және Джереми Сикинг университеті, Кейптаун университеті (Оңтүстік Африка) және МАС аймақтық және қалалық даму комитетінің вице-президенті (RC21), Кедейлік, әлеуметтік ахуал және әлеуметтік саясатты зерттеу комитетінің мүшесі (RC19).

Оңтүстік Африкаға халыққа көрсетілетін қаржылық көмек пен дене тәрбиесінің маңызы жоғары және осы әлеуметтік көмек жүзеге асып отыр. Жұмыссыздықтың, кедейліктің және АҚТҚ/ЖҚТБ жоғары деңгейі елдегі 50 млн халықтың шамамен төрттен үш бөлігіне, оның ішінде 20 млн балаға, 3 млн жұмыс жасамайтын қарттарға, 1 млн еңбекке жарамсыз мүгедек әйел мен ерге, 12 млн жұмыссызға қаржылық көмек немесе әлеуметтік көмектің басқа да түрі қажет.

1920-шы жылдары Оңтүстік Африка ақ нәсілді азаматтары үшін әлеуметтік мемлекет құра бастады. Әлеуметтік мемлекетті құру халықтың «лайықты» категориясына – әйелдер мен балалар (кей жағдайда, ерлер) бағытталған салық есебінен мемлекеттік қызметтерді, әлеуметтік көмек пен қолдауды қаржыландырудың британдық үлгісіне негізделді. Сондай-ақ, Оңтүстік Африкада «лайықты» азаматтар нәсілдік тегіне қарай анықталды: Оңтүстік Африканың «африкалықтары» және қара нәсілді халық (алдымен барлығы, кейін жартысы) әлеуметтік мемлекет пен әлеуметтік азаматтықтан, франшиза мен саяси азаматтықтан алыстатылды. Жұмыс пен тұратын мекенжайға қойылған шектеу нәсілдік миграцияның еңбек жүйесін күшейтті және жұмыс жасайтын ата-аналар балаларын ата-әжесінің тәрбиесіне беруге, оларға еңбекақыларының бір бөлігін аударуға мұқтаж етті. Тек 1970-ші жылдары орын алған экономикалық өсу мен саяси тұрақтылық императивтері апартеид мемлекетін қоғамдық ресурстарды ақ нәсілділерге жатпайтын халық арасында, бірінші үндістерге, кейін африкалықтарға қайта бөлуге итермеледі, яғни бүкілхалықтық әлеуметтік көмек көрсету жүйесі қалыптаса бастады және 1994 жылы Оңтүстік Африкадағы алғашқы демократиялық сайлаудан кейін ғана аяқталды.

Нәсілшілдікке қарсы мемлекеттік саясат, әсіресе әлеуметтік көмек, халыққа білім беру және денсаулық сақтау бағдарламалары экстенсивті және әлеуметтік көмегі қайта бөлінген әлеуметтік мемлекетке алып келді. Бұл мемлекет нарықты қамтамасыз етудің артуымен және үздіксіз (азайып отырғанына қарамастан) жабдықталуымен қатар өмір сүріп отыр.

Балалардың көбі қазіргі уақытқа дейін кеңейтілген отбасында, кейде бір немесе екі ата-анасыз да өмір сүреді. Оңтүстік Африкадағы үш баланың біреуі ғана биологиялық әкесімен өмір сүрсе, 5,5 млн жуық бала биологиялық ата-анасының бірімен де тұрмайды. Күтім жасау барысында басты рөл туыстарға тиесілі. Сонымен қатар, жұмыс күшінің феминизациясы және туыстық қарым-қатынастың өзгеруі медициналық қызмет көрсету нарығының өсуіне алып келді. 0-4 жастағы балалардың шамамен 30% бөбекжай мен күндізгі стационарларға орналастырылған.

Мемлекет балаларға күтімді мектептер мен тәрбиешілерге арналған қаржылық гранттар (асырап алушыларға да) бөлу арқылы қамтамасыз етеді. 2000 жылдардың басында мектепке дейінгі мекемелердің саны артты. Тәрбиешілерге арналған қаржылық гранттардың көлемі – қамтылуы және қаржыландырылуы жағынан (ЖІӨ салыстырғанда) бразилиялық Болса Фамилия сынды әлемге әйгілі бағдарламалармен салыстырғанның өзінде ерекше.

Мемлекет Оңтүстік Африканың қарттарына, бірінші кезекте жинақталмаған зейнетақы арқылы қолдау көрсетеді. ЖІӨ-нің 1% басым бөлігі шамамен үш миллион зейнеткер арасында қайта бөлінеді. Зейнетақы жасы жеткен кісілерге қажеттілігі бойынша беріледі, бірақ кіріс пен байлық арасындағы шекараны жоғарыдағылар бекітеді, сондықтан шектеулер тек оңтүстік африкалық байларға қатысты. Постапартеид мемлекеттерінде қарттарға қаржылық көмек көрсету аясының кеңеюі – мемлекет тарапынан қамқорлық жасау жүйесінің жетілмегенінде. Демократияға өту кезеңіне қарттарға арналған интернат түріндегі мекемелерді мемлекеттің тікелей (қарттарға арналған мемлекеттік үйлер) немесе қосалқы (қарттарға арналған субсидия бөлінген үйлер) қамтамасыз ету жүйесі төтеп бере алмады. Қарттарға берілетін артықшылығы бар зейнетақының үй шаруашылығының қаржылық жағдайы мен медициналық көмек көрсетуде ері әсері де бар. Елдегі қарттардың төрттен үш бөлігі еңбекке жарамды мүшесі бар отбасында өмір сүрсе, аз бөлігі еңбекке жарамды мүшесі жоқ отбасында балалармен өмір сүреді. Қарттар жасы кіші туыстарына қаржылық көмек көрсетіп жатқанымен, отбасының жас мүшелері қарттарға қарауға тым аз уақыт жұмсайды.

“Оңтүстік Африкадағы әлеуметтік көмек бағдарламаларының Жаһандық Солтүстіктегі қолайлы либералдық қоғамдардан айырмашылығы ауқымының кеңдігіне байланысты”

Еңбекке жарамды жастағы бір миллионға жуық науқастар мен мүгедектер еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы алады. ЖҚТБ еңбекке жарамды халық арасында қаржылық қолдау мен әлеуметтік көмекке мұқтаж ауру адамдар санын көбейтті. Сапалы зерттеулердің нәтижелеріне сүйенер болсақ, ЖҚТБ тек алыс емес, сондай-ақ жақын туыстар арасындағы туыстық қарым-қатынасты әлсіретіп, туыстық көмекке сенім арта алмайды. Туыстар тарапынан ауру адамға қарау гендерге тікелей байланысты және ЖҚТБ осы заңдылықты күшейтуде.

Оңтүстік Африка еңбекке жарамды жұмыссыздарға қоғамдық жұмыс бағдарламасынан тыс қоғамдық қолдау мардымсыз. Мемлекет қолдауынсыз және нарық арқылы қолдауға қолжетімдіктің болмауынан жұмыссыздар туыстық қарым-қатынасқа тәуелді. Ал туыстар жағынан көрсетілетін қолдау белгілі бір шарттарға негізделеді. Шамамен 40 жыл бұрын Мейер Фортес сынды антропологтар қуана сипаттаған мықты туыстық байланыс пен қарым-қатынас өз күшін жоғалтқан, себебі туыстық байланыстың жақындық критерийіне қарамастан туыстар арасында дискриминация орын алған.

Оңтүстік Африканың әлеуеті мен қамқорлық жасау жүйесі жаһандық Солтүстік әлеуетінің либералды режиміне ұқсайды. Мемлекеттік ресурстар кедейлердің мұқтаж категорияларына арналған әлеуметтік көмек бағдарламаларына негізделген. Жинақтау зейнетақы жүйесі мен медициналық сақтандыру, жеке меншік бөбежайлар арқылы көрсетілетін көмек нарығының кеңеюін мемлекет

қолдайды.

Жаһандық Солтүстік әлеуетінің либералды режиміне қарағанда, Оңтүстік Африканың әлеуметтік көмек бағдарламалары халықтың басым бөлігін қамтиды. Үлкендер мен балалардың үштен бір бөлігі қандай да бір әлеуметтік қолдауға ие болса, халықтың үштен екі бөлігі отбасының бір мүшесі Грант алатын үй шаруашылығында өмір сүреді. Осылай, гранттар барлық үй шаруашылығының, оның ішінде ең кедейлеріне, жартысына беріледі. Бұл бағдарламалар жаһандық солтүстіктің әлеуметтік-демократиялық режиміне ұқсас.

Туыстық қарым-қатынастар өзгеріп, қолдау көрсету адамның іс-әрекеті мен қатынасына тәуелді бола бастағанымен оңтүстік африкалықтардың көбі отбасы мүшесінің біріне қаржылық немесе қолкөмегіне мұқтаж. Сипатталған жағдай оңтүстік еуропалық елдердің отбасында көрсететін көмегіне ұқсас.

Соңғы онжылдықта әлеуметтік гранттарды нәсілшілдік принциппен бөлудің төмендеуі және туыстық қолдаудың азаюы әлеуметтік мемлекеттің оңтүстік африкалық үлгісін әлеуметтік-демократиялық бағытқа бұрғанымен, адамдарды туыстық қарым-қатынасқа тәуелді ете отырып, қолкөмекті көрсетуде (кейбір қарттар үшін) мемлекет рөлі шектеле бастады. ■

Хаттарды Елена Мур elena.moore@uct.ac.za мен Джереми Исканияға jeremy.seekings@gmail.com жолдаңыз

> Ымырасыз ортадағы әлеуметтану

ҚОҒАМДЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ, САНКТ-ПЕТЕРБУРГ, РЕСЕЙ



Қоғамдық әлеуметтанудан Санкт-Петербургтегі зертханасының мүшелері. Жоғарғы қатар, солдан оңға қарай Максим Алюков, Ксения Ермошина, Светлана Ерфильева, Илья Матвеев; Төменгі қатар, солдан оңға қарай: Андрей Невский, Наталья Савельева, Дилара Валеева, Олег Журавлев

Қоғамдық әлеуметтану лабораториясы – Санкт-Петербургтегі солшыл центристтік ғалымдар мен белсенділердің тәуелсіз зерттеу тобы. Кейбіріміз 2007-2008 жылдары Мәскеу мемлекеттік университеті әлеуметтану факультетінде жемқорлық пен ғылымның қарабайырлануына, білімнің коммерциализациясына қарсы студенттік шерулерге қатыссақ, басқаларымыз түрлі университеттерде әлеуметтік ғылымдарды зерттеуде солшыл центристтік саяси және шығармашылық бірлестіктерде болдық. 2011 жылы саясатсызданған қоғамда саяси процестерді зерттейтін жауапты ғалымдардың ұжымын құруды шештік. 2011-2012 жылдары Ресейде «Әділ сайлау» қозғалысы аясында жүргізілген көлемді зерттеуден кейін Тәуелсіз әлеуметтанулық зерттеулер орталығымен (ТӘЗО) бірге украин Майданы және Киевтегі анти-Майдан қозғалысын зерттей бастадық. Мұнда үш мәселе көтеріледі: бірінші, жобаның даму контексті; екінші, «қоғамдық әлеуметтануға» қатысудың біз үшін маңызы; үшінші, институттық ортаның қызметімізді шектеуі және осы шектеулерді қалай жеңуге болады?!

> Ресей әлеуметтануы: құралдық пен кәсібиліктің ортасында

Ресейде кәсіби әлеуметтану процесінде осы пән аясында

ымыраның үш түрі қалыптасты. Бұл әлеуметтанулық білімнің екі түріне алып келеді: құралдық және кәсібилік. Біріншісі, саяси бейтарап адамдардың отаны бола отырып, құрылымдық автономиясы жоқ Ғылым академиясы әлеуметтану институты мен университет әкімшілігі астыртын жекешелендірген әлеуметтанулық факультеттерде орныққан. Бұл мекемелерде ғалымдар не нарық логикасымен (коммерциялық мұқтаждық пен дипломдарды сатуға арналған қолданбалы зерттеулер нарығы), не «орта тап», «өтпелі кезең», «Ресейдегі аласапыран кезеңі» және т.б. тақырыптарға жүргізілетін жалған ғылыми зерттеулермен айналысуы қажет. Әлеуметтанудың осы «ресми» немесе «құралдық» түріне жауап ретінде «автономды» фракция құрылды. Олардың пікірінше, «нағыз» кәсіби әлеуметтанулық ғылым саяси көзқарастан бас тартуы керек, яғни құралдық әлеуметтанудың екі түрі де Бурдьё ұсынған мағынадағы «тәуелсіздіктің» жоқтығынан емес, тапсырыс берушілерге (клиент) тәуелді болудан ада емес.

Мәскеу мемлекеттік университеті әлеуметтану факультетінің саясатына қарсылықтың негізін құрылымдық ымыраға оппозициялық ниетіміз қалады, дегенмен біз «кәсібилердің» саясаттан тыс консенсусымен де келіспейміз. Кәсіби ғалымдарға қарағанда, рефлексивті белсенділермен әріптестік

бізді доктриналықтан және элитарлық болашақтан, әдістемелік догматизмнен алшақтатты. «Автономды» болашақты жақтаушылардың бірі Виктор Вахштайнның айтуынша, Ресейдегі «ғылыми» тіл «неокеңестік» және «антикеңестік» тілдермен алмастырылды, ал Ресей әлеуметтануының кәсібиленуі үшін «тәуелсіз» ғылымды құру маңызды. Вахштайн әлеуметтанудың миссиясы – «білімді білім үшін өндіру», ал қоғамдық ғылымның саясаттануы ғылыми рационалдықты бұзады деп біледі.

Біздің пікірімізше, бұл бағыт Вахштайн айтқан «тәуелсіз/еркін» болып табылмайды. Керісінше, посткеңестік неолибералды тәртіптегі идеалдандырылған заңдылық: жеке өмірге «қашуды» түсіндіретін саясатсыздану идеологиясы және саясатқа «қапа болу», қоғамдық ортаның стигматизациясы. Вахштайн құрдастары «таза білім» идеалын «буржуазиялық әлеуметтануды сынаушылар», әлеуметтанулық білімнің табан тірескен күресі Кеңес империясы құлдырауының себептерін анықтау қажеттілігімен шабыттандырылған ұстаздарынан мұра етіп алды. Олар әлеуметтануды қоғамның өзін-өзі тану құралы ретінде қарастырады. Алайда, саясатсыздану контекстінде теориялық «таза білім» фетишизмінә ауыстырылды.

Антипутиндік шеру, Майдан және 2011-2012 жылдарда Украинадағы соғыстан кейін Ресей қоғамы саясаттана бастағанда кәсіби әлеуметтанушылар аудиториясының ыңғайына қарай зерттеулерін осы бағытта жүргізе бастады. Алайда, саясатта ғылыми рефлексия тәжірибесі жоқ әлеуметтанушылар немесе идеологиялық қалыптардың ұдайы өндірісін, немесе қарсылық ақиқатын алдын-ала бекітілген теориялық шеңбер аясына ауыстыруға мәжбүр болды.

> Қоғамдық әлеуметтануды қалай түсінеміз?

Егер «кәсібилерді» даярлаған оқытушылар ұрпағы 1980-ші жылдары орын алған әлеуметтік қайта құрумен, ал «кәсібилер» жеке өмір саласына шегінуге итермелеген қоғамның экзистенциялық мәселелерімен шабыттанса, достарымыз, ғылыми орта және қоғам белсенділігімізді сынай бастаған кезде саясатсызданудың өзі біз үшін экзистенциялық мәселеге айналды. Осылайша, қоғамдық және жеке өмір саласы арасындағы қарым-қатынастың аясында саясатсыздануды зерттей бастадық.

Сонымен қатар, қоғамдық ортаны зерттеуді оны зерттеп отырған адамдар, яғни қалыптасу үстіндегі қоғамның зерттеу нәтижелерін талқылауы басталды. Ендігі кезекте 2011-2012 жылдардағы қарсылық кезінде пайда болған белсенділердің жергілікті азаматтық топтарымен бірлесіп, конференция өткізу жоспарлануда. Мақсаты – белсенділерге зерттеуді таныстыра отырып, пікірталас аймағын қалыптастыру және топтар арасында желі құру.

Біздің пікірімізше, әлеуметтік және саяси мәселелермен жұмыс әлеуметтік теорияларды жаңа қырынан қарастыруды талап етеді. Аномияны қарастырмас бұрын

Дюркгеймнің жобасын түсінуге бола ма? Жеке өмір саласымен шектелген өмір кедейлігі (мардымсыздығы) туралы айтпай, Арендт пен Хабермастан бастап Фрейзер, Негда және Клюге сипаттаған қоғамдық теорияны зерттей аламыз ба? Біздің манифест: «Лабораторияның басты міндеті – әлеуметтік зерттеулерді кәсіби әдіс пен қоғамды сабақтастыра отырып жүргізу. Қоғамдық әлеуметтану лабораториясы көтеретін ғылыми мәселелер Ресей мен әлемде орын алып отырған саяси жағдаймен байланысты өзекті әлеуметтік мәселелерге қатысты. Сонымен қатар, лаборатория миссиясы – әлеуметтік мәселелерді эмпириялық зерттеу арқылы «Гранд-теория» мәселесін шешу үшін теориялық және экзистенциялық терең әлеуметтік белсенділік пен азаматтық жауапкершілікті сабақтастыру. Мысалы, соңғы қарсылық кезіндегі саяси мобилизацияны зерттеу жалғыздық пен ынтымақтастық, индивидуализм мен ынтымақтастық мәселесін көтеруге мүмкіндік береді».

> Ресейде қоғамдық әлеуметтануды қалыптасырудағы кедергілер

Қазіргі Ресейде осы позицияны ұстап қалу оңай ма? Жобаға қауіп төндіретін бірнеше кедергі бар. Біз тек «кәсібилер» мен «инструменталистер» арасында емес, ірі университеттер мен гранттар нарығының арасында қалып қойдық. Ғылым академиясының қалашығынан бастап «алдыңғы қатарлы» университеттер құратын ғылыми мекемелер қатаң иерархия мен жұмыс бабымен жоғарылау жолдарын қалыптастырады, яғни ұдайы өндіру арқылы өз-өздерін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл логика зерттеушілерді бөлу және бағындыру жолымен әріптестік пен ынтымақтастықты жояды. Сондықтан Ресейдің тәуелсіз, бұқаралық және кәсіби әлеуметтанулық орталығымен – ТӘЗО, жұмыс жасауға тырыстық. Ғалым-диссиденттерге қарсы мемлекеттік репрессиялардың нәтижесінде грант нарығының аясы тарылды. Мысалы, 2011-2012 жылдардағы саяси қарсылық сипатталған «Политика Аполитичности» томының баспадан жарық көруі шенеуніктердің ТӘЗО-на «шетелдік агент» ретінде жала жабуының себебіне айналды.

Осылай, ымырасыз ортаға тап болды. Осы уақытқа дейін біз топ ішіндегі мықты мораль және саяси ымыраның шектеулі ресурстарына, жан-жақты байланыс пен бейресми көшбасшылыққа тәуелді болдық. Бұл жобаны ары қарай жалғастыру үшін жеткіліксіз. Аймақтың жауапты ғалымдары мен зияткерлерін және шетелдік әріптестерімізді біріктіретін ғалымдар мен жасампаздардың «Интернационалын» құруымыз қажет. ■

Хаттарды publicsociologylab@gmail.com жолдаңыз

¹ В. Вахштайнның Жаһандық Диалог, 2.3 мақаласын және оған Н.В. Романовский мен Ж.Т.Тоценконың Жаһандық Диалог, 2.5. жауаптарын қараңыз.

> Сәулет өнеріндегі ерте кеңестік кезеңге тән социалистік мұраттар

Наталья Трегубова және Валентин Стариков, Ресей

Авторлар орыс тілінде «совет» демек «кеңес» сөзінің мағынасын 1) жиналыс, басқарма, кеңесетін орган 2) кеңес беру, ұсыныс, ұсыным 3) үйлесім, келісім деп түсіндіреді. Термин ретінде саяси ұйымның ерекше түріне қатысты. Ол 1917 жылдан кейін орныққан кеңестік басқарумен, алғашқыда «Жұмысшылар, шаруалар мен сарбаздар өкілдерінің кеңесі» және саяси билікті трансформацияға ұшыратқан кеңестік дәуірге байланысты.

Кеңестік басқарушы органдар жұмысшы мен шаруалардың сайлауы арқылы құрылып, оның мүшелері барлық шешімді келісіп, кеңесіп қабылдады. Кеңес кезеңінің алғашқы жылдары «кеңестер» тікелей демократияны іске асырды. Олар қоғамдық өмірдің жаңа – бірлесу, ұжымдасу және өзін-өзі ұйымдастыру сияқты принциптерін іске асырып, бұрын қанауда болған таптың диктатурасына негізделді.

Бұл жаңа әлеуметтілік қалалық және ауылдық жерде, жұмысшы мен шаруалардың күнделікті тәжірибесінде жаңа формаларды талап етті. Бұқаралық білім беру мен мәдени тәрбие, қалаға қоныс аудару, әйелдер эмансипациясы, басқарудың жаңа формалары күнделікті өмір үлгілерін, кеңестікті ұйымдастыруды қамтыды.

Осының бәрі сәулет өнерінде жаңа үлгілер мен түрін табуға жұмылдырылған сәулетшілерге үлкен салмақ салды. Нәтижесінде дүние жүзіне танымал болған 1920-1930 жылдардағы кеңестік конструктивтік авангард сәулет өнері өз бойына қоғамдық және саяси өмірдің ақиқатын сіңірді.

Солардың бірі Санкт-Петербург қаласындағы (бұрынғы Ленинград) – Нарва Заставасы. Әлі күнге дейін сол қалпында қалған ғимараттар кешені – айқын конструктивистік жобаның үлгісі. XX ғасырдың басындағы жұмысшылар тұратын осы ауданда 1905 жылы патшаның Империялық жасағының шабуылынан қаза тапқан жұмысшылардың бейбіт шеруі, кейіннен тарихта қалған «қанды жексенбі» атты оқиғасы орын алған еді. Бұл оқиға 1917 жылғы төңкерістен кейін жаңа пролетариат идеологиясында ерекше канонизацияланып, қасиетті сипатқа ие болды [сурет 1].

Нарва Заставасы – сәулеттік эксперимент орны және өнеркәсіпті ауданның аса үлкен көпшілік орталығы. Тракторной көшесіндегі тұрғын үйлер – сәулетшілер кеңестікті ұйымдастырудың жаңа принциптерін іздеп және пролетариатқа қоғамдық баспана салуды дамытуға басымдық берілген кезеңнің бетке ұстаған үлгісі. Тракторной көшесі сәулеттегі транзитивтік пен қала жоспарлаудың нақты мысалы. Ол – орыс неоклассицизмінің авангардтық түрі, супрематистік сарын және функциялық аудандастыру тәсілдерімен араласқан әдісі. Тракторной көшесіндегі ғимараттар бүкіл ауданның трансформация үрдісінің бастауы [сурет 2].

Бірінші орта мектеп Ленинградта 1927 жылы ашылды. Бұл мектеп революцияның 10 жылдық мерекесіне орай ашылып, мұғалімдердің талаптар санын қысқарту, оқушылардың белсенділігін ынталандыру мақсатында әзірленген оқытудың жаңа әдістерімен ерекшеленіп, тәжірибелік бағдарлама бойынша жоспарланған болатын. 1000 жуық оқушысы бар мектеп, түрлі оқу кабинеттері, зертханалар, тіпті астрономиялық

обсерваториямен жабдықталды [3-сурет].

Сәулет өнеріндегі жаңа көзқарас қоғамдық орындардың маңызы туралы функциялық идеяларды мирас етті. Ең бірінші ірі жоба кәсіподақ қозғалысына арналды, ол – 1925-27 жылдары салынған қоғамдық орталық. Қоғамдық орталықта театрлар, оқу кабинеттері, спорт залдары мен кітапханалар болды, онда жұмысшылар әлеуметтену мүмкіндігіне ие болды. 1931-32 жылдары қоғамдық орталық кеңейтіліп, жұмысшылардың кәсіби дағдыларын және қызметкерлер мен жастар мүмкіндіктерін дамытатын мектеп ашылды [4-сурет].

Нарва Заставасы кешенінің орталығы әмбебап дүкен мен тамақ фабрикасы болды (1929-31). Бұл жаңа сауда мен өндіріс орындары жартылай дайын тамақтың жаппай өндірісін қамтамасыз ету үшін ашылған болатын (XX ғасырдың аяғына қарай кең тараған фаст-фуд тамақ өнімдерімен шатастырмаңыз).

Ғимараттың келбеті – күнделікті өмірдің серпінін көрсетеді: үлкен өлшемдер, сан алуан қалып, тік және көлденең сызықтардың өзара қиылысуы, асимметриялық бөлімдер.

Көшеден көрінетін шынымен жабылған үлкен дүкен, ерте кеңестік идеологияның ашықтық, ынтымақтастық және эмансипация мұраттарының көрінісі болса керек. Бұл бірегей конструктивистік кешен Киров аудандық кеңесі орналасқан ғимаратпен бірге (1930-1935) тұтастықты құрайды.

Күшті және демократиялық жергілікті үкімет идеясы 1920 жылдары кеңестік саяси ұйымның негізгі дискурсында болды. Алыстан көрінетін бұл әкімшілік орталықта аудандық билік, мәдениет мекемелері, банк, пошта

бөлімшесі және жиналыс өтетін орны бар. Жобада сол заманға тән барлық функциялық және техникалық инновациялар қолданылды.

Алайда, Киров аудандық кеңесінің ғимаратын кеңестік авангардтың ыдырағанының белгісі ретінде қарастыруға болады. Оның квази-классикалық портик және басқа да белгілері жаңа тоталитарлық идеологияға негізделіп, модернизацияланған империялық сәулет өнеріне айналуын көрсетеді [6-сурет].

Бірнеше жыл өткен соң, іс-шаралар мен кездесулер үшін ғимараттың алдында арнайы үлкен алаң жасалды. Бұл жерде 1938 жылы Ленинград коммунистерінің көшбасшысы, аты аңызға айналған Сергей Кировтың

мүсіні қойылды. [7-сурет]. С.Кировқа арналған үлкен ескерткіш (оның 1934 жылы өлімі Сталинге жаппай террорды бастауға, кейіннен саяси қуғынды жалғастыру үшін сылтау болды) – мемориалдық кеңестік сәулет пен қоғамның құлдырауының көрсеткіші деуге болады.

Келесі дәуір әлеуметтік ықпалдастықтың басқа түрлерінен бұқара – ұжымның орнына, тоталитарлық басқару – халық демократиясы орнына, конформистік тұтыну – ынтымақтастықтың орнына келуін көрсетеді. Соңында 1000 адамға арналған мәжіліс залының кинозалға айналуында өзіндік бір мағына бар секілді.

Қазіргі кезде, бір ғасыр өтсе де,

Нарва заставасы әлі де негізінен жұмысшылар қоныстанған өнер-кәсіптік ауданы болып қалып отыр. Киров аудандық кеңесінің ғимараты, мектеп, қоғамдық орталық, тұрғын үй өздерінің негізгі функциясын сақтаса да, олардың бұрын болған әлеуметтендіру және ұжымдық белсенділік маңызы жоғалған.

Кеңестік конструктивистік сәулет өнері бұрынғы (империялық) және кейінгі (сталиндік, сталиннен кейінгі кеңестік) кезеңдердің көлеңкесінде, ықпалында қалып қойды, ал қазір бүкіл аумақ палимпсест болып көрінеді. ■

Барлық хаттарыңызды Наталья Тругубоваға <natalya.tr@mail.ru> жазыңыз



Сурет 1: 1905 жылғы қанды жексенбі қарсаңында Нарва қақпасы алдындағы жұмысшылар шеруі патша әскері сарбаздарымен. Авторы белгісіз



Сурет 2: Тракторная көшесі бойындағы тұрғын үйлер.



Сурет 3: Обсерваториясы бар ертеректегі кеңес мектебі.



Сурет 4: Ерте кеңестік кезеңдегі көпшілік орталық



Сурет 5: Ерте кеңестік кезеңдегі «Зауыт асханасы».



Сурет 6: Кеңестік Киров ауданы.



Сурет 7: Коммунист көшбасшының ескерткіші, Сергей Киров.



Сурет 8: Нарва алаңындағы сталиндік сәулет өнері.

Алғашқы суреттен басқа барлық фотосуреттерді Наталья Трегубова мен Валентин Стариков түсірген.

> Үй шаруашылығына көмектесушінің көші-қон салты

Сюзана Секеракова-Бюрикова, Масарик университеті, Брно, Чех Республикасы



1990-шы жылдардың басынан үй шаруашылығына көмекшілер словак әйелдері үшін маңызды қоныс аудару әдісіне айналды. Арнайы кадр агенттіктері қабылдаушы отбасын тауып беріп отырды. Осы жүйемен Лондоннан келген кеңесшілері де жұмыс жасады. Лондонның Виктория автовокзалында үй қызметкерлері қызмет ету мерзімі аяқталған құрбыларын шығарып салып тұр. Суретті түсірген Сюзанн Секеракова-Бюрикова.

“Үй шаруашылығына көмектесушінің жұмысы” уақытша мигранттардың ақылы үй жұмысын, ұлттық және халықаралық заңнама аясында атқарылатын мәдени алмасуды және негізгі өмір шарттарын біріктіреді. 2004 және 2005 жылдары қабылданған британдық заңдар бойынша үй шаруашылығына көмектесуші – жергілікті отбасында екі жылға дейін тұрып, жұмыс атқарып және ағылшын тілін үйренуге және ел туралы көбірек білу үшін қалған жас шетелдіктер. Үй шаруашылығына көмектесуші «отбасының

бір мүшесі» сияқты өмір сүріп, бала күтеді және/немесе үй шаруасын атқарады, ол үшін жалақы алмай, тек күнделікті қажеттілігіне қажет ақша, азық-түлік, тұратын орынмен қамтамасыз етіледі. Отбасы мүшелері үй шаруашылығына көмектесушімен тең дәрежеде қарым-қатынаста болуы керек. Иммиграция дирекциясы мен агенттіктер нұсқаулары оларды отбасы мүшелері ретінде қарастыруға бейім.

1990 жылдардың басынан бастап үй шаруашылығына көмектесушілер – Орталық және Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік елдерінен, әсіресе, Словакиядан

шыққан мигранттардың басым бөлігін құрайды. Жалпы, Словакияда адам басына шаққанда үй шаруашылығына көмектесушілер мигранттар саны дүние жүзі бойынша ең көп. БАҚ үй шаруашылығына көмектесушінің жұмысын көбінесе постсоциалистік өзгерістер қиындықтарына төтеп беруге бағытталған экономикалық стратегия ретінде сипаттайды. Әрине, үй шаруашылығына көмектесушілер туралы Словакиялық БАҚ және күнделікті өмірдегі талқылауда, көбінесе жастар арасында экономикалық қиындықтар мен жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, сонымен қатар шет тілдерін және шетелде саяхат жасау жоғары символдық мәні бар екенімен байланысты делінеді.

2004 және 2005 жылдары жүргізілген іштей бақылау Лондонда 50 словакиялық үй шаруашылығына көмектесушімен жүргізілген сұхбат нәтижесі бойынша, олардың қоныс аудару себептері тек экономикалық стратегия аясында емес екенін көрсетті. Қоныс аудару туралы шешім олардың жұмыс істеп көп ақша табу немесе ағылшын тілін үйренумен қатар, ата-аналары, серіктестермен және достарымен жеке қарым-қатынасы сияқты одан да маңызды мәселелермен де байланысты болған. Егер бір респондент зауыттағы ауыр және төмен жалақы төленетін жұмыстан шаршағандықтан үй шаруашылығына көмектесуші болдым деп мәлімдесе, басқа біреуі өз шешімін жақын досыммен ажырасып, енді онымен бір ауылда тұра алмайтын болдым деп түсіндірген. Үй шаруашылығына көмектесушілердің миграциясы түбегейлі себептері экономикалық артықшылықта немесе болашақта мүмкін болатын комодификациядан басқа күрделі және тереңде деп білуіміз керек. Жалпы, респонденттердің туған үйіндегі шектеулі және мән-мағынасы жоқ тіршіліктен немесе романтикалық қатынастардың шегіне жеткенін мойындаудың орнына, тіл үйренгеніміз келеді деулері орынды.

Қоныс аударғанға дейін словак бала күтушілерінің көпшілігі ата-аналарының үйінде тұрған. Олардың үй шаруашылығына көмектесуші болып жұмыс жасауы еркіндік алудың бір мүмкіндігі сияқты, шетелде жұмыс істеуді олар ата-анадан еркін болып және өз отбасын құрудың аралығындағы кезең деп есептейді. Сонымен қатар олар шет елде жүріп жаңа өмір, рахат және жаңа әсер аламыз деп ойлайды.

Үй шаруашылығына көмектесушілер үйлеріне ақша салмайды, ақша жіберу оларға ешқашан міндетті болмаған. Олардың табысы – «күнделікті ақша», яғни тек киім-кешек, сыйлық және той-думанға жұмсалады. Сұралғандардың көбі, бірақ басым көпшілігі емес, өздерінің табыстарын болашақта жинаудың немесе тіл үйренуге жұмсағанын айтты.

Сұхбат барысында олардың көбі болашақта қаржыларына сақ болу және ақшаларын сақтап қалу керектігін атап, немесе өз уақыты мен экономикалық әлеуеттің балаларына арнайтынын көрсеткен. Бірақ қазіргі кезде,

үй шаруашылығына көмектесушілерге уақыттарын көңілді өткізу маңыздырақ, озық тұтыну мәдениетіндегі үлгілерді игеруге ұмтылуда. Респонденттер осындай тәжірибелері өздерін ата-аналарынан еркін сезініп, тек өздеріне сеніп дамуға, өсуге мүмкіндік беретінін айтты. Зерттеу кезінде көбінесе үй шаруашылығына көмектесушілер өз жұмыстарын Чех Республикасында ерлерге міндетті әскери қызметпен салыстырады. Көптеген әйелдерге үй шаруашылығына көмектесуші қызметі олардың ересектер өмірге өтуіне, еркін өмір сүре алатындарын көрсететінін білдіреді.

Өмір мәнін осылай түсіну үй шаруашылығына көмектесушінің қиын жағдайларды дұрыс қабылдау үшін тиімді. Қабылдаушы отбасы мүшелерімен үй шаруашылығына көмектесушінің заң талап ететін тең дәрежедегі қарым-қатынасы билік ассиметриясы жағдайында мүмкін емес. Шынында, маған ақпарат бергендердің айтуынша, қабылдаушы сексен алты отбасының сексен екісінде үй шаруашылығына көмектесушіден артық сағат жұмыс істеуін талап еткен, артық жұмыс сағаттарына ақша төлемеген немесе бос уақыт бермей, тіл үйренуге жағдай жасамаған. Кейбір үй шаруашылығына көмектесушілер өздері қарайтын балалардың бөлмесінде немесе олармен бірге бір төсекте жатқан.

Олардың иммиграциялық жағдайы және жұмыс істейтін үйде тұратындары, ол үйде олар бір мезгілде қонақ және уақытша отбасы мүшесі, жұмысшы және жұмысшы емес болғандықтан, сонымен қатар тілді дұрыс білмеуі жұмыс берушілермен еңбек пен демалыс шарттарын анықтау келіссөздерінде ұтылып қалуға итермелейді. Үй шаруашылығына көмектесушінің көпшілігі үшін қанаушы мейірімсіз қабылдаушы отбасын тастап кету үш баламадан – жаңа отбасын табу, Ұлыбританияда басқа жұмыс табу немесе Словакияға қайту сияқты шешім жасауға мәжбүрлейді.

Үй шаруашылығына көмектесуші қызметкерлер өздерін жұмыс берушілер тым жиі жәбірлесе де немесе ашық еңбекті қанау болса да сол отбасында қалуға шешім қабылдайды. Кейбір респонденттер қабылдаушы отбасын тастап кету үшін ақшалары жоқ немесе білім алу мен жұмыс табу перспективалары жоқ десе, көбі өмірлік қиындықтарға шыдап, қиындықтардан шығып кететіндерін дәлелдеу керек екеніндерін айтты. Үй шаруашылығына көмектесушілер көрсеткен еңбекті қанау жағдайлары, оған төтеп беру қабілеттері, мигранттардың есейіп қиындық көргенде ата-ананың ығына тығылудан бас тартқанын көрсетеді. Бірақ үй шаруашылығына көмектесушілердің теңсіздікке душар болуы, респонденттердің оған қарсы тұру мүмкіндіктерін шектеп, олардың құқықсыз өмір сүруді жалғастыра беруге себеп болуда. ■

Барлық хат-хабарды Сюзана Секеракова Бирюкова <burikova@fss.muni.cz> жіберіңіздер

> Үйде оқыту:

Чех білім беру жүйесіндегі еркіндік пен қадағалау

Ирена Каспарова, Масарик университеті Брно, Чехия Республикасы



Үйде анатомия сабағы өтіп жатыр!
Суретті түсірген Ирена Каспарова

Соңғы жиырма жылда халықаралық көрсеткіштерге (PISA стандарттарына) сәйкес чех оқушыларының мектепке деген ынтасының жаппай төмендеуі білім беру, оның рөлі, бағдары және әдістері ұлттық деңгейде пікірталас туғызды. Ата-аналар міндетті білім беру жүйесінде салыстырмалы стандарттардың болуы, жеке көзқарас пен таңдау еркіндігінің жоқтығы сияқты әлеуметтік мәселелерді тілге тиек ете отырып, жұмыс пен мектеп бала мен ата-ананы ажырататын өмір стиліне алып келетіндігін және көңілдері толмайтындығын жеткізген.

Ұзақ жылдар бойы индивидуализмді шектеген коммунистік дәуірден кейін кейбір чех азаматтары өздеріне және өз отбасыларына жауапты болуы тиіс деген пікір қалыптасқан. Посткоммунистік елдерде білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Үйде оқыту міндетті білім беру жүйесіне балама ретінде жүзеге асырыла бастады. Чехияда үйде оқытудың түрлері саналуан: балаға бағытталған философияға негізделген мектептен тыс оқытудан үй жағдайында мектептегі қатаң тәртіпке негізделген оқытуға дейін өріс алды.

Коммунистік дәуір кезінде (1947-1989) оқушылар үшін мемлекеттік стандарттарға сай тоғыз жылдық міндетті білім алудан басқа таңдау және қандай да бір бәсекелес балама болмады. Нәтижесінде, қазіргі (30 жастан асқан) чех ата-аналарының басым бөлігі барлығын тең құқықты, бір біріне ұқсас деп қабылдайтын және конформистік сипаттағы коммунистік идеология заманында білім алды. Осылайша, үйде оқыту – ата-аналардың басым бөлігі үшін жаңа құбылыс әрі шынайы революциялық идея. Шетелде білім алған, шетелде өмір сүріп келген ата-аналар осы идеяны толығымен қолдағаннан кейін 2005 жылдан бастап үйде оқыту бала мен ата-ананың жеке құқығы ретінде бекітілді.

Жаңа заңға сәйкес ата-ана өз балаларын бастауыш сыныпта (1-5 сыныптар) үйде оқытуға құқылы. Заң жүзінде балаларын үйде оқытатын ата-ананың жоғары білімін растайтын дипломы және Мемлекеттік педагогика-философиялық кеңес бюросының қолдау қағазы қажет. Мұғалім-ата-ана балаларын не себепті үйде оқытқысы келетінін түсіндіріп, баланы қанағаттанарлықтай оқу аясымен (тиісті жиһаз, қоршаған орта, бос орын және т.б.) қамтамасыз етулері тиіс. Бала ресми мектеп қабырғасында жылына кем дегенде екі емтихан тапсыруы қажет).

Аталмыш заң білім алу еркіндігін ұсынумен қатар, осы еркіндікті барынша қадағалауға ұмтылатын мемлекет мүддесі мен ата-ананың мәдениеттілігін және қаржы көлемін де ескереді. Мемлекеттік қадағалау құзіреті бар Педагогика-философиялық кеңес бюросының емтиханынан балаларымен қатар ата-аналар да өтуі тиіс. Кей ата-аналар қажетті сертификаттарды алу үшін бірнеше Кеңес бюросынан өтулері тиіс екендігін айтады.

Чех үкіметі жалпы білім беру жүйесінен шығып қалуды алдын алу негізгі қызметі болып табылатын Кеңес бюроларын үйде оқыту арбитрі етіп тағайындауының себебі неде?

>>

Консервативті мемлекеттік қызметкерлер үйде оқыту идеясын қолдамайды, сондықтан тапсырыс берушілердің өтініштерін жеке атрибуттар негізінде қайтарады. Шын мәнінде мәселенің төркіні жүйелік факторларда, әсіресе экономикалық ресурстардың жетіспеушілігінде. Бюджет тарапынан қаржыландырылатын мектептермен салыстырғанда, әрбір ата-ана баланың оқуы, кітабы және субсидиялық тамақтандырумен қамтамасыз етуге шамасы келе бермейді, сондықтан үйде оқыту механизмін ауқатты отбасылар жиі қолданады.

Чех контекстінде білім беру жүйесінен алыстау концептісі – саяси және мәдени тұрғыдан өте сезімтал мәселе. Бір жағынан революциядан кейінгі байлардың даралығын көрсететін артықшылық ретінде чех мықтылары мен ауқаттылары ғана пайдалана алатын үйде жеке оқыту тәжірибесі болған. 1947 жылы коммунистік дәуір орнағаннан кейін бұл әлеуметтік тап өкілдері тарап кетті. Жаңа режимге сай сапалы білім алу тегін әрі бәріне қолжетімді болғандықтан, коммунистік дәуірде үйде оқыту қажеттілігі жоққа шығарылды.

Екінші жағынан коммунизм кезінде даралық пен үйде оқыту мүлдем басқа мағынада қабылданды. Революциядан кейін білім беру жүйесі біртектілік пен әмбебаптыққа баса назар аударғандықтан, өзгешелікке жол жоқ болды. Қабілеттері ерекше, яғни денсаулығы немесе жүйке ақауы бар балаларды жалпы мектептерге жіберу қиынға

соқты. Мұндай «ерекше» балаларға арнайы мектептер салынды және арнайы мектептер жетіспеген жағдайда бала үйде оқиды.

Қазіргі таңда Білім министрі үйде оқытуды бастауыштан басқа сыныптарда қолданудың кез келген мүмкіндігін шектеуде. Оның ойынша, қазіргі чех қауымының үйде оқытуға деген екі жақты көзқарасы бар. Дегенмен, елдегі орталықтандыру мен либералдану процесі - үйде білім алудың негізгі білім беру жүйесіне балама болуға заңды және әлеуметтік алғышарттардың пайдаболуына жағдай жасп отыр. Қабылданған заң баламаға жол бергенімен, бұл мәселені мемлекет әлі де жария етпеуде. Коммунистік дәуірдегідей мектептен тыс оқу үкімет қаламайтын мемлекеттік қадағалаудың әлсізденуіне әкеледі деген үрей басым. Осылайша біз қарама-қайшылыққа тап болдық: бір жағынан үкімет үйде білім алу үшін жоғары дәрежедегі қадағалау саясатын ұстанса, үйде оқытуды қадағалау тетіктері мектептен тыс оқытуға итермелейді. ■

Хаттарды Ирена Каспароваға <irenakasparova@seznam.cz> жолдауға болады

> Чехия Респу- бликасындағы сыған жұмысшыларын еске алу

Катерина Сидиропулу Джанку, Чехия Республикасы, Брно қаласы, Масарик университеті



Праганың Пиаетта театрындағы Рим көрмесі.
Суретті түсірген Майкл Хесовский

2013 жылдың 15 мамыры, Сыған жұмысшыларын еске алу жобасын жетілдіру үшін Брно мен Острава қалаларының арасындағы Оломоуцтың шуақты алаңында тұрмыз. Академик, қауымдастық қызметкерлері және мұғалімдерден тұратын бас-аяғы оннан артық адам келер күннің өзекті мәселелерін шүйіркелесіп, талқылап тұр. Өзара сенімділік пен әріптестікті бастап, ортақ мақсатта жұмыс істеуден артық жаңа таныстарды табудың жолы жоқ десем артық айтпаспын. Мақсатымыз - 1945 жылдан кейін чех жеріне жұмысқа келген сыған жұмысшылары туралы көрме дайындап, сығандардың чех қоғамындағы беделін арттыру.

«Біз тұратын қаланың орталық алаңында жүргенімде өзім танымайтын жас қыздардан әрдайым «Kha-

tar sal?» (Қайдан боласың?) деп сұраймын. Өйткені олардың көбі және отбасылары мен сияқты әр жақтан не Словакиядан келген» - дейді, 1952 жылы қазіргі Чехияға словак-украин шекарасынан өткен, қауымдастық қызметкері, словак жазушысының қызы әрі белсенді Бозена Дуди Котова. Топ мүшелері жоспардағы көрменің жобасын және атауын өзара ақылдасып отырған мезетін жобаның кинорежиссері камераға түсіріп алғанына іштей қуандым.

Румыншам өте таяз болғандықтан «Khatar sal?» қалай жазылады?»- деп сұрадым. Мен тек кейбір амандасу, құрмет білдіру және қажет болған жағдайда қорғану сияқты негізгі сөздерді ғана игергенмін. Мен үшін румын тілі өте күрделі. Мен оны үйрену үшін сабақ алған жоқпын. Бозена тіркесті жазып тұрып, «Көрмені Khatar san?деп атасақ қайтеді, себебі оны

>>

қарттар да, жастар да түсінеді» - деді.

2004 жылдың 8 қыркүйегі, іші-сырты адамға толы, үстінде Румын және Чех жалауы желбіреген және түрлі-түсті бояумен сырланған ағаш үйдің алдында салтанатты сөз айтып тұрмын. Салтанатты жиынға елу адамдай жиналыпты. Болып жатқан дүниені көріп тамашаласын деген үмітпен жергілікті полицияға Острава-Виктовиц алаңында көрме жоспарлағанымызды алдын-ала хабарлаған едік және сол тараптан қарапайым киінген экстремизммен айналысатын полиция қызметкері де келген. Не боларын біз білген жоқпыз. Мүмкін бірнәрсеге ұрынып қалармыз. Көрмемізге не бізге бірнәрсе болып қалар. Острава алаңының әкімшілігі көрме ұйымдастыруымызға рұқсат бермеді және шешімдерін талқылауға шақырғанымызды да елемеді. «Таң қалатын нәрсе емес», - деді Острава-Виктовицке келушілердің бірі: «Олар орталық Острава үшін жауапкершілікті сезінеді және оның сығандардың жері ретінде қабылданғанын қаламайды».

Виктовицтің шежірешісі мұны басқаша түсінеді. «Мен осы мәдени форумның дәл осында өтіп жатқанына дән ризамын, себебі мұндай Острава ешкімде жоқ».

Ең таңқаларлық дүние не болды? Көрме өткен бес аптада ешқандай вандализм болған жоқ. Дәстүрлі киінген сыған отбасылары өз туыстары мен көршілерін көріп, бір-бірінің әңгімелерін тыңдап қайтты. Көрмеге келген бір үйсіз кісі бізге қызықты шараны ұйымдастығанымыз үшін өз рахметін айтты. Күнделікті өмірде жаңа технологияны пайдаланып, жаңаша киінетін жастар да дәстүрлі киім киіп келіп жатты, алайда бізбен әңгімелесуден қашқақтап жүрді. Егде чехтар 1960 жылдардағы сыған әріптестерін, көршілерін, тіпті, махаббаттарын еске алып жатты. Сыған оқушылары көп баратын мектеп директоры сығандардың арнайы жалауы бар екенін білмеген екен және өз білместігіне ұялған сыңай танытты.

2015 жылдың 9 ақпаны, Чехияның Мәдениет министрлігінен Сыған жұмысшыларын еске алу жобасын қолдайтындығы туралы электрондық хат

алдым. Біз уәде бойынша үш көрме ұйымдастырдық, бірақ оның барлығы грант шарттарына сай екі айға созылған жоқ. 2014 жылдың көктемінде екі ай мерзімге толтыру туралы шартты орындауға ниетті болатынымын, бірақ кедергілер, жартылай ашық саяси және әкімшілік қысымдар кездескенде мен бұл грантты орындау үшін маңызды шарттардан қалай ауытқып кеткенімді байқамай қалыппын. Әкімшілік кедергілер (бір орынға 15 келісім, әрдайым жазып жүру қажеттігі сияқты) мен кейбір азаматтардың қырын қабақ әңгімелесу стилі мені қатты шаршатты. Келесі көрмелерді өткізуге мүдделі екі топ бар. Шетелден келетін тәуелсіз куратор біздің көрмені көріп, керекті нөмірді тергеннен кейін сыған куәгерлерінің әңгімелерін тыңдауға мүмкіндік беретін ретро телефонды жұмысының түсіндірмесімен бірге өз ризашылығын жолдады.

Болашақ көрмеге деген қызығушылықпен қатар, этнос аралық байланыстар, білім, әлеуметтік теңсіздікті жою туралы жаңа теориялық ойлар немесе азаматтық диалогты жетілдіру мүмкіндіктері қалыптасты. Біздің есебімізше, көрмені тікелей 2500 адам көрді, жүздеген адамдар сыртқы терезеден қарап кетті. Біз, әрине, мұның барлығы бекер жасалды деген ойдан аулақпыз. Дегенмен, қолданбалы ғылым қағидаларына сай біз қателестік және біз бастаған жерімізге қайта оралдық.

Жаңа көрмеге дайындық жұмыстарын бастадық. Бақытымызға орай жабылуға шақ қалған көрмені қолдаушы табылып, жабылудан құтқарды. Ол көрмені өз қаласының автобус аялдамаларында өткізбек, себебі соғыстан кейін жұмысшы сығандар Словакиядан келген. 1989 жылдан кейін қала орталықтарын жалдау ақысы көтеріліп кеткендіктен көптеген сығандар шеткі аудандарда қалды. Мұндай жағдай Чехияның постсоциалистік қалаларына тән.

Инновациялық қолданбалы ғылым өмірімде кездестірген бірден бір қиын сала, ол көп күш пен қуатты сіңіреді, адамды қажытады, кәсіби тәуекелшілдікті талап етеді. ■

Хаттарды katerinasj@fss.muni.cz жолдаңыз

> Жұмыс алаңынан жазбалар

Қытайдың еңбек саясатындағы өзгерістер

Лефең Лин, АҚШ, Мэдисон, Висконсин университеті



Үкіметтік емес ұйым белсенділері мен жұмысшылар Гуанджоудағы сәтті келіссөз нәтижелерін тойлауда. Суретті түсірген Лефең Лин.

2010 жылдан, яғни Қытайда ұлттық қақтығыстар орын алғаннан бері медиа мен белсенділер қытай жұмысшыларын көтерілістер мен қақтығыстарға қатысатын мазасыздар деп сипаттап келген болатын. Қазір еңбек ҰЕҰ-лар мен жас ғылыми қызметкерлер осыған ұқсас жағдайларды баяндауда: әсіресе, елдің ғаламдық ірі өндірістері орналасқан Қытайдың оңтүстігіндегі жұмысшылардың қарсылықтары жеке деңгейден ұжымдық деңгейге жетіп, стихиялы тәртіпсіздік пен жұмысты тоқтату стратегиялық ұрыстар мен келіссөздерге дейін ұласып жатыр. Қарсылықтың кеңінен таралуы мен ұйымдастырудың артында ҰЕҰ-лар мен белсенділер тұр.

Сонымен қатар, еңбек ғалымдары мен белсенділер Қытай сауда кәсіподағы жүйесін ұзақ уақыттан бері бюрократиялық және репрезентативті емес деп сынап келген болатын.

Бақылаушылардың пікірінше, кәсіподақтардың жұмысшыларды материалдық қамтамасыз етуінің түпкі себебі – жаңа еңбек заңнамасын жүзеге асыру: кәсіподақбасшылары Коммунистік партия мен Халықтық конгрестің ұлттық және жергілікті комитеттерінде беделді орындарды жиі иеленеді, сондықтан олар заң шығаруда маңызды рөл атқарады. Жалпы, кәсіподақ жүйесі бюрократиялық партиялық орган іспетті жұмыс жасайды: кәсіподақ мүшелерін партия таңдайды, сондықтан қызметкерлермен және еңбек қатынастары тәжірибесімен байланысы аз болуы мүмкін. Сондай-ақ, қызметкерлердің басым бөлігін еңбек құқығына қарағанда, кәсіподақта қанша мүше және олардың бірлестіктері қанша ақша жинайтыны көбірек қызықтырады. Қақтығыстарда, бақылаушылардың байқауынша, кәсіподақ қызметкерлері мемлекеттік қызметкерлермен бірігіп, жұмысшыларды жұмыс орындарына қайта оралуға шақырған. Цехтарда

жұмысшылардың мәселелерін шешудің орнына оларды қадағалауға көбірек мүдделі көрінеді.

Шыңжаңда дала жұмыстарын бастаған кезімде кәсіподақтардың орнына еңбек ҰЕҰ-лар мен белсенділер еңбек жағдайының болашағы үшін жол салды, егер мен өз бақылауымды ҰЕҰ-мен, зауыттармен және қауымдастықтармен шектесем, еңбек жағдайы үшін күресте ҰЕҰ-лар негізгі орын алар еді. Дегенмен, бір рет жергілікті сауда кәсіподақ кеңсесіне барғанымда, кәсіподақтардың да ҰЕҰ-лар сияқты Қытай еңбек қатынастарының жылдам өзгеріп отырған жүйесіне бейімделіп жатқанын және Қытай еңбек саясатының сауда кәсіподақтары мен ҰЕҰ-лар тараптарынан өзгеріске ұшырағанын байқадым.

Еңбек ҰЕҰ-ларының жұмысшыларды мобилдеу мен ұйымдастыруға қатысуы жаңа құбылыс. Өткен он онжылдықта ҰЕҰ-лар көбіне Қытайдың есепке тұрған қалалық азаматтарына қарағанда әлеуметтік ресурстарға қолдары жете қоймайтын ауылды жерлердің жұмысшылары үшін қызметтер көрсететін. ҰЕҰ-лар еңбек құқығын білмейтін және заңгер жалдауға қаражаты жоқ жұмысшыларға құқықтық қамтамасыз етуді ұсынады, заңнама туралы қарапайым фильмдер көрсетеді немесе мектептен кейінгі оқу бағдарламалары сияқты басқа да қызметтер ұсынады.

Алайда, 2010 жылдан бастап жұмысшылар жұмыс орындағы шараларға қайта қатыса бастады. Оған жауап ретінде кейбір ҰЕҰ-лар өз қызметкерлерін кәсіподақты ұйымдастыру мен ұжымдық келіссөздер жүргізуде көмек беруге дайындауда. Бірақ еңбек ҰЕҰ-лары жаңа мәселелермен беттесуде: оларға демеу шетелден келетін болғандықтан, Қытай үкіметі тарапынан репрессияға ұшырап жатады. Көп ҰЕҰ-лар өте ұсақ және жұмысты ұйымдастыру үшін ресурстары жеткіліксіз. Сонымен қатар, еңбек ҰЕҰ-ларының келіспеушіліктері мен құрушыларының идеологиялық келіспеушіліктері себепті бір-бірінен шектелген. Кейбір ҰЕҰ-лар тар ұйымдастырушылық мүдделерді ұстанады: егер бір ҰЕҰ қақтығысқа қатысса, бұл өзге ҰЕҰ-ларды шығаруы мүмкін. Осы ұйымдастырушылық

жағдайды сыртқы бақылаушылар біріккен «азаматтық қоғам» деп атайды.

Жұмысшылар ҰЕҰ-лардың қолдауына таласатындығын біле тұра Қытай сауда кәсіподақтары ҰЕҰ-лармен байланысты аймақтарға қарай ығысты. Өз мүшелері үшін сауда кәсіподақтары құқықтық көмек, психологиялық демеу, кедейліктен құтқару, оқуын жалғастыратын студенттер үшін колледжге түсу гранттарын бөлу, қабілеттіліктерді дамыту, кәсіби сертификат алу үшін жеңілдіктер, кәсіподақ құруға үйрету және ұжымдық келіссөздер жүргізуге дайындау сияқты қызметтер көрсетуді арттыруда.

Кәсіподақтар ресурстар артықшылығын пайдалана отырып, ҰЕҰ-ларға қарағанда көбірек іс тындырады. Дегенмен, кәсіподақтың пайдалы бағдарламалары зауыттардағы сала жұмысшыларына жетпей қалып жатады. Қытай сауда кәсіподағының жеті әкімшілік деңгейі бар: орталық, провинция, муниципалитеттік, аудан, көше, қауымдастық және зауыт. Тек зауыт дәрежесіндегі мүшелер ғана жұмысшылар, қалғандары партия дайындаған мамандар. Кәсіподақ әкімшілігі вертикалды құрылым болғанымен, жоғары дәрежедегі кәсіподақ төмендегілерге бұйрық бере алмайды, себебі әр деңгейдегі кәсіподақ қызметкерлерін жоғары кәсіподақ емес партиялық комитет тағайындайды – Қытайдағы жалпы саяси құрылым кейде «қақпан мен тосқауыл» сегменті деп бейнеленеді.

Мәселе, әсіресе, еңбек ҰЕҰ-лары және кәсіподақтармен қатар жұмысшылар қақтығыстарына қатысқанда айқындалады. Өткен маусымда жұмысшылар Гуанчон провинциясындағы аяққиял шығаратын компания қайта құрудан өткеннен кейін өз жұмысшыларына ақша бере алмағаннан соң көшеге шыққан болатын. ҰЕҰ-лар жұмысшыларды ұйымдастырып, оларға жұмыс беруші және полициямен қалай қарым-қатынас жасау керектігін үйретті. Керісінше, муниципалитеттік кәсіподақ ерекше қадам жасады: олар ауданға қызметкерлерді жіберіп, аудандық кәсіподақтан көтеріліп жатқан жұмысшыларды қолдауын сұрады.

Дегенмен, муниципалитеттік кәсіподақ ұсынысын мемлекеттік агенттіктер де, аудандық кәсіподақ та қолдаған жоқ. Оның орнына олар аудандық

партия хатшысының кеңесі бойынша жұмысшыларды қыспаққа алу үшін жұмыс берушілерге жұмысшыларды орнынан босатуға, полицияға жұмысшылар белсенділерін тұтқындауға мүмкіндік берді. Жұмыстан шығып қалған азаматтар зауыт шатырынан секіріп, өзін-өзі өлтіруге барғанда, бұқаралық ақпарат құралдарының тез арада дайындаған материалдары қала басшылығы мен партия комитетін айтарлықтай ыңғайсыз жағдайға қалдырды. Муниципалитеттік кәсіподақ, аудандық кәсіподақ пен мемлекеттік қызметкерлерді ызалана сынағанымен, айтылған әңгіме сол жерде қалып қойды. Муниципалитеттік кәсіподақтың аудан кәсіп одағына әсер ететін механизмдері жоқ.

Жұмысшылардың ұжымдық әрекеттерінің нәтижесінде еңбек ҰЕҰ-лары мен сауда кәсіподақтары өздерін трансформациялады. Өткен жыл бойы еңбек ҰЕҰ-лар еңбек желілерін құрып, өз ресурстарын үйлестірді. Олардың еңбек наразылық шараларын ұйымдастыру әрекеттері одан сайын үйлесімді бола түсті. Шытырман өзгеріс ретінде Шыңжаң муниципалитеттік кәсіподағының өткен жылғы эксперименттік аймақты дайындауы, өз дәстүрлі ұйымдастыру құрылымын бұзуы, кәсіби ұйымдастырушыларды іріктеуі, жұмысшыларды ұйымдастырудың жаңа жолдарын іздеуі, әлеуметтік төңкеріс пен консервативті бюрократизация арасындағы жолды анықтауын айтуға болады.

Сауда кәсіподақтары, мемлекеттік жұмыс берушілер, еңбек ҰЕҰ-лар және жұмысшылар арасындағы өзара әрекеттестік Қытайдағы кейінгі индустрияланудан өзгеше жаңа индустриялық кәсіподақтың пайда болуына әкелуі мүмкін бе? Ғалам белсенділерінің еңбек қатынастарындағы мемлекеттің әлеуетті рөлін мойындамайтын заманда Қытай осы күнге дейін азаматтардың жұмыс орындағы өмірін жақсартуда мемлекет пен қоғам әлі де маңызды рөл ойнайтынын дәлелдейтін мысал ұсына алады. ■

Хаттарды llin@ssc.wisc.edu жолдаңыз

> Әлеуметтік ғылым үшін әлемдік бағдарлама жасау

Ержумент Челик, Фрайбург университеті, Германия, еңбек қозғалысы және әлеуметтік қозғалыстар комитеті (RC44) мен ұжымдық іс-әрекеттер және әлеуметтік өзгерістер (RC48) ХӘҚ зерттеу комитеттерінің басқарма мүшесі.



Джавахарлал Неру жаһандық зерттеу бағдарламасының мүшелері, Нью Дели.
Суретті түсірген Ержумент Челик.

Соңғы ширек ғасырға жуық уақытта әлемдік деңгейде тәуелсіз әлеуметтік ғылым жасау оңтүстікпен қатар солтүстіктің де әлеуметтанушылары үшін өзекті мәселеге айналды. Еуроцентризмді сынаушылар мен Жаһандық Оңтүстік әлеуметтік теориясының кең таралуы өзара оқыту негізінде периферияларда және Оңтүстікте оқу қажеттілігі мен мүмкіндіктері жөніндегі пікірталастарға, сондай-ақ әлеуметтік ғалымдардың кәсіби және қоғамдық жауапкершіліктері арасындағы диалогқа ұласты.

Бұл пікірталастарға Жаһандық зерттеу бағдарламаларының (ЖЗБ) он үш жылдық тәжірибесі қандай үлес қоса алады? ЖЗБ – Германияның Фрайбург университеті, Оңтүстік Африканың Квазулу-Натал, кейінірек Кейптаун университеттері, Аргентинаның ФЛАСКО, Үндістанның Джавахарлал Неру университеті және Таиландтың Чулалонгкорн университеті бірлесе жүзеге асырған әлеуметтік ғылымдардың екі жылдық магистрлік бағдарламасы. Аталған бағдарлама әлеуметтану, саясаттану, антропология, еңбекті зерттеу, халықаралық

>>

қатынастар және географияны қамтиды. 2002 жылдан бастап 60 мемлекеттен 300-ден астам студент ЖЗБ-ға қосылып, әр студент қатысушы үш мекемеде білім алады.

Осындай халықаралық, пәнаралық және мәдениетаралық бағдарламаның нәтижесінде студенттер түрлі университеттің қалыптасқан дәстүрлерімен танысып, оқыту процесінде тәжірибе жинақтайды. Бағдарлама барысында өмір сүріп отырған ортасының мәдениетімен танысады және өз мәдениетін қайта таниды. Соңғы нәтижесі – жаһандық әлеуметтік ғылымның негізін қалайтын құндылықтарды қабылдай отырып, жоғары сапалы бірегей магистр дәрежесін әрі теңдессіз өмірлік тәжірибе алу. ЖЗБ тәжірибесі студенттерге нағыз «космополитизмнің» не екенін түсінуге, мәдениетаралық орта өздеріне жат орындар мен жағдайларда өмір сүруге мүмкіндік жасайды. Жаңа адамдармен танысу студенттер өз бойларында түсіну, төзімділік және «өзгелерді» мойындау сияқты тың қабілеттерін дамытады. ЖЗБ кездейсоқ жағдайда қатысушылар арасында Ари Ситас атап өткен «келісім этикасын», волонтаризм идеялары мен әріптестікті, өзара түсіністік пен құрметті дамытатын әрі нығайтатын алаңға айналды.

Әлемдік масштабтағы әлеуметтік ғылым тәжірибесі тек студенттерден ғана емес, сонымен қатар түрлі елдерден, мекемелерден, еңбек мәдениетінен және басқалардан келетін студенттердің қажеттіліктерін сезінуі тиіс оқытушылар мен әкімшілерден де мәдениетаралық компетенцияны талап етеді. Студенттерге көмектесуге дайын болу, студенттерді ауыртпалық ретінде емес, болашақ әлеует ретінде көретін қатысушыларды ынталандыратын әлемдік масштабтағы әлеуметтік ғылымның даму аспектілерінің бірі болып табылады. ЖЗБ факультеті маңызды «жаһандық қоғаммен» тығыз байланысты: жаһандық тұрғыда өзара байланысқан қоғамды қалыптастыруға әлеуеті бар сенімді әлеуметтік және мәдениетаралық «жаһандық» азамат қалыптастырады.

Басқару әрекетінсіз, өзара түсіністікке негізделген оқыту кез келген бағдарламаның негізгі аспектісі болуы тиіс. ЖЗБ-ны Еуропадан жаһандық Оңтүстікке дейін әрқайсысының өзіндік дәстүрі мен білімнің нақты жүйелері бар төрт құрылықтағы университет-серіктестері бар жаһандық масштабтағы білім жүйесін қолдану мен мойындау үшін таптырмас база ретінде елестетуге болады. Раевун Сонпелл метрополиялардағы бітіру бағдарламалары астаналық ғылымның кәсіби нормаларымен шектелетіндігін, сондықтан бұл жаһандық оқу бағдарламаларына енгуге ұмтылғандар үшін екендігін атап өтеді. ЖЗБ Фрайбург университетінде соңғы он жылдықта дәл осы мәселемен бетпе-бет келді. Дегенмен, барлық оқу және институттық шектеулерге қарамастан оқытушылар «еуроцентризм мәселелері және пікірталастардың заманауилығы», «әлеуметтанушылар интеллектуалдар ретінде: оңтүстік болашағы», «жаһандық әлеуметтанудың құбылыстар, метафора және аллегория-

лар» сынды лекциялар мен жаңа курстардың есебінен мейлінше инклюзивті оқырмандар қалыптастыру жолында еңбек етті. Студенттер оң көзқараспен жауап қатты. Әсіресе Солтүстік Америка мен Германия студенттерінің сыни очерктері олардың зерттеулерінде Еуро-Америкацентристік бағыттағы білімнің қаншалықты басым екендігін және олардың бұл жайдан қаншалықты хабарсыз екендіктерін көрсетті.

ЖЗБ-дағы кәсіби ғылыми жұмыс пен қоғамдастықтың оған қатысушының арасындағы диалог құру динамикасы бүгін де біз айтып жүрген «қоғамдық әлеуметтануға» қосылған үлес. ЖЗБ тарихына қайта оралған кезде, университет-серіктестердегі оқу барысында студенттерге сол қоғамдағы мәселелерге байланысты далалық жұмыстарды жүргізуге ұсыныс берілетіндігін байқаймыз. Талап етілетін тағлымдама олардың нақты жұмыстар мен әлеуметтік қозғалыстар, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, сонымен қатар академиялық және үкіметтік мекемелердің, т.б. өміріне араласуларына мүмкіндік береді. Майкл Буравойдың пікірінше, «олар азаматтық қоғаммен байланысын сақтай-ды». Студенттер әлеуметтанушы болса да, болмаса да «органикалық» ЖЗБ-шыға айналады. Көп жағдайда «қоғамдық» жауапкершілік олардың диссертацияларындағы ғылыми жұмыстар мен ғылыми сараптамаларында дамиды. ЖЗБ қоғамды, саясатты, сыни және кәсіби әлеуметтануды байланыстыру үшін және ішінара кәсіби және қоғамдық әлеуметтану арасындағы диалогты қалыптастыру үшін платформа ұсынады.

ЖЗБ-ға әлем бойынша университеттер жүйесі қалыптастыратын нарық мейлінше кедергі жасауда. Оқытушылардың еңбек жағдайын жақсарту мәселесі өзекті, себебі бұл бағдарламаның тұрақтылығына кері әсер ететін фактор. Әсіресе, Германияда орта деңгейлі оқытушылар мен әкімшілер еңбекпен қамтылудың ешқандай кепілдігіне ие емес және ЖЗБ міндеттемелеріне қарамастан олардың көбі бағдарламаны тастап кетеді.

Тағы бір өзекті мәселе – университет-серіктестердің арасындағы әділетсіз билік қарым-қатынастары. Саналы немесе бейсаналы түрде Фрайбург университетін серіктестікте доминантты оқу орны ретінде қабылдайды, болашақта университет-серіктестер бағдарламаны қалыптастыруда тең рөлге ие болуды талап етеді деп күтеміз. Іс жүзінде ЖЗБ және осыған ұқсас бағдарламалардың табысы үшін эгалитарлы құрылым шешуші мәнге ие.

Барлық қиындықтарға қарамастан, ЖЗБ тәжірибесі периферияларда оқытуды кеңейте отырып, өзара түсіністікті сынақтан өткізіп және әлеуметтік қиял мен саяси қиял өзара үйлесімде болатын академиялық платформаны жасай отырып, әлемдік масштабтағы әлеуметтік ғылымның дамуына теңдессіз үлес қосуда. ■

Хаттарды ercumentcelik@gmail.com жіберіңіз

> Кәсіптердің халықаралық болашағы: жәшікті ашқанда¹

Еллен Кухлманн, Каролин институты, Швеция; Туба Агартан, Провиденс Колледжі, АҚШ; Дебби Боннин, Преторий университеті, Оңтүстік Африка; Хавиер Пабло Хермо, Буэнос-Айрос университеті, Аргентина; Елена Яарская-Смирнова, Жоғары экономика мектебі, Мәскеу, Ресей; Моника Ленгауэр, Дортмунд техникалық университеті, Германия; Шаун Руггунан, Квазулу-Натал провинциясы университеті, Оңтүстік Африка және Вирендра П. Сингх, Аллахабад университеті, Үндістан; барлық авторлар мамандықтар бойынша ISA-ның атқарушы комитетінің (RC52) мүшелері болып табылады.

Жаһандану кәсіптердің, соның ішінде экономикаға қатысты ғылымдардың көлемі мен тәжірибесін түбегейлі өзгертті. БРИКОА (BRICS) (Бразилия, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка) елдерінің және табыс деңгейлері орташа бірқатар өзге мемлекеттердің тез дамып келе жатқан нарығы мемлекеттік және жеке сектордағы кәсіби біліктілік мен қызметтерге жаңа талаптар қалыптастарды, тіпті батыс әлемі де әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік принциптеріне күмәнмен қарап, кәсіби қызмет көрсетуді мемлекет тарапынан қаржыландыруды көбірек тежей бастады.

Бұл жағдайлар өзгере бастаған кәсіптерді түрлі әлеуметтік контексті аясында «нақты уақытта» зерттеу үшін теңдессіз мүмкіндіктер береді. Сонымен бірге, мамандықтарға жаһандық призма тұрғысынан қарау кәсіптер мен кәсіпқойлық тұжырымдамаларына – жиырмасыншы ғасырдағы Батыстың бай елдерінің саяси және экономикалық жағдайына бейімделген тұжырымдарға сыни талдау жасауды қажет етеді.

Мемлекет кәсіптер туралы пікірталастарда орталық орындарды иеленіп тұрғанымен, әлеуметтанушылар нақты «мемлекет» немесе «азаматтық» ұғымдарының геосаяси және мәдени контекстеріне сирек назар аударады. Соңғы зерттеулерде жаһандану мен ұлтаралық басқаруға, халықаралық салыстыруларды күшейтуге молырақ көңіл бөлінген, бірақ кәсіптер туралы пікірталастардың көбінде әлі күнге батыс елдерін бағдар ретінде ұстап, Жаһандық Оңтүстік пен шығыс елдеріне сирек назар аударылуда.

Оңтүстік Африка, Үндістан, Аргентина, Ресей, Түркия және араб елдеріндегі түрлі авторлар жүргізген зерттеулерге сүйене отырып, қолданыстағы ғылыми тәсілдерді түбегейлі өзгертуге тырысамыз. «Дәулетті мемлекеттер кәсібі» ұғымына ортақ «тірек блогтар» болмағанымен, біз мемлекет пен кәсіптің қарым-қатынастарын біріктіруші тақырып ретінде қолдана отырып, төменде кәсіби дамудың сәттерін ұсынамыз.

Араб елдерінде «кәсібилік» әмбебап түсінік және мақсат

ретінде жиі қарастырылады. Араб елдерінің кәсіпқойлары (мысалы, университет профессорлары) кәсіби құндылықтарды адалдық, құпиялылық және сенімділік, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік, объективтілік, білімге негізделген жұмыс сынды қырларына назар аударатын 1960-1970 жылдардағы функционализм тәсілдеріне мейлінше ұқсас жағдайларда талқылайды. Сонымен бірге, Батыс функционализмінде шешуші орында болған кәсіби қауымдастықтар құру және бақылау мен монополия мақсаттары жетіспейді, осылайша кәсіпқойлыққа арналған әмбебап тәсілдер кәсіби алаңдарды құру үшін стратегиялық тұрғыда мобилизациялануы мүмкін екендігін ғана көрсетеді, бірақ кәсіптердің мықты ғылыми дәлелді негіздері немесе қоғамдық бақылау мен мемлекеттік қолдау жетілген механизмдері әлі де жетіспейді.

Түркияда да, Ресейде де орталықтандырылған мемлекет кәсіби топтардың саласын, сонымен қатар кәсібилік идеясын шектеді. Сәйкесінше, екі елдің де саясатындағы өзгерістер мемлекеттік кәсіптерге деген қатынасты өзгертті, дегенмен бұл өзгерістер екі мемлекетте әр түрлі бағытта өтуде. Орташа табысы бар ел ретінде Түркия нарығындағы тұтынушылықтың өсу қисыны қоғамдық сектор қызметіне сұранысты арттырды. Сонымен бірге, жаңа мемлекеттік басқару тәсілінен басталатын саясат кәсіптерді де бақылауда ұстағысы келді. Мысалы, денсаулық сақтау саласында түрлі стратегиялар комбинациялары анық байқалады. Менеджменттің жаңа саясаты тек дәрігерлерді бақылдауды ғана күшейтіп қоймай, сонымен қатар дәрігерлермен мемлекеттің жаңа байланыстарын қалыптастарды: дәрігерлер медициналық білім берудегі басқаруға жиі интеграцияланатынына қарамастан, үкімет дәрігерлер үшін жаңа басқарушы лауазымын енгізді.

1990 жылдары Ресейде кәсіптерге қатысты ірі өзгерістер орын алды. Мысалы, оқыту жүйелері бар кәсіби алаңдарды қалыптастыру үшін ескі және жаңа жүйелерді үйлестірген жаңа әлеуметтік жұмыс мамандығы пайда болды. Сонымен бірге әлеуметтік жұмыстың гендерлік мәдениеті мен үкіметтің төмен жалақы төлеу саясаты кәсіби дамуды

>>

“Кәсіптерді талдаған кезде Батыс елдеріне тән көзқарас басым, ал Жаһандық Оңтүстік немесе Шығыс елдері назардан тыс қалып отырады”

шектеді, жаңа нарықтық қатынастарға негізделген әлеуметтік-саяси бағыт кәсібиленуге ықпал етеді: әлеуметтік құқық талаптарын анықтауды және оған қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін әлеуметтік жұмысшыларға қажеттілік бар. Тиісінше, әлеуметтік жұмыс мемлекеттік сектормен интеграцияланды, сондай-ақ нарықтың кеңеюінен пайда табады. Солай бола тұрып, әлеуметтік қызметкерлер өздерінің идентификациясын немесе тұтынушылармен қарым-қатынастарын түрлендіру үшін қажет келісім—жаңа маркетингтендірілген саясат келісіндегі позицияларын анықтау үшін қандайда бір биліктен айырылған.

Үндістан мен Оңтүстік Африка экономикалық өсімді және пайда бола бастаған жаһандық билікті бастан өткізуде әрі екі мемлекет те басқарудың мейлінше көп тетіктерін жасады. Кәсіби даму жаһандық және отаршылдық тарих арқылы қалыптасады және екі мемлекетте де ағылшын-саксондық либералды дәулетті мемлекет үлгісі кәсіптерді қуатты өзін-өзі басқаруға, соның ішінде кәсіптің қол жетімділігін бақылауға алып келді.

Үндістанда адвокатура—жаһанданудың қуатты күштерінің бірі, сонымен қатар заңгерлік фирмалар нарығында бәсекелестікті және нарыққа шетелдік заңгерлердің енуін шектейтін ұлттық реттеуші күш. Үндістандық та, шетелдік те заңгерлік фирмалар жаңа корпоративтік зерттеулер формасы есебінен нарықты кеңейту стратегиясын әзірледі. Үндістан құқықтық процестер, IT және баспа саласында бізге таныс стратегиялардың аутсорсингі үшін басты орынға айнала бастады. Мұндай өзгерістер шағын элитарлы кәсіби сегмент қалыптастырып, жаһандық нарықта бәсекелесе алмайтын заңгерлердің статусын түсіріп жіберді. Бұл элиталы секторда жаһандық корпоративтік саясаттың әсері салдарынан кәсіптерді қайта ұйымдастыруға мемлекеттік интервенцияның билігі шектеулі болды.

Оңтүстік Африканың қарқынды экономикалық дамуы қоғамдық кәсібилікпен және қоғамдық секторға интеграциямен сәйкес келді. Пост-апартеидтік саясат мейлінше инклюзивті кәсіби дамуға сұранысты қамтиды. Бұған қарамастан кәсіптер гендерлік, нәсілдік немесе

этникалық теңсіздік формаларына құрылымдалған күйі қалып отыр. Мұнда мамандар мемлекеттен бөлінген, кәсіби монополияны сақтай отырып, кәсіби саланың қолжетімділігін бақылауда ұстай отырып, қуатты өзін өзі басқару әлеуетін жұмылдыра білді. Рестратификация, маркетинг және менеджменттік өзгерістер, құқықтық және мемлекеттік (ресми түрде) қолдаудың болмауына, интеграцияға бағытталған жаңа құқықтық талаптарға қарамастан жыныстық және нәсілдік теңсіздікті нығайтты. Мемлекеттің кәсіптерді реттеу үшін жасаған соңғы әрекеттері—мемлекетті трансформациялаудың күн тәртібіндегі бөлігі—бұрын шеттетілген әлеуметтік топтар үшін жол аша отырып кәсіби монополияға қарсы шығуы мүмкін.

Аргентинаның даму жолындағы экономикасы көпжақты басқаруымен бірге әлеуметтік қызметтің кеңеюін ұсынды. Мұнда Еуропамен берік тарихи байланыс (әсіресе Латын елдерімен) мемлекеттік секторда кәсібилікті, соның ішінде жоғары білім алу үшін, әсіресе аспирантура мен кәсіби білімде жаңа трансұлттық нұсқалар қалыптастырды. Кәсіби топтар трансұлттық нарыққа жеке мамандар үшін мансаптық өсу үшін жаңа мүмкіндіктер жасау арқылы да, өндірістегі жаңа процестермен және сертификаттау арқылы біліктілікті арттырумен жауап берді. Бұл мысал жаһандану да, транснационализм де саясаттағы саяси ойыншылар мен агенттердің өзгеруі сияқты ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен бірге халықаралық деңгейде де кәсіп рөлін күшейту мүмкіндіктерінің әлеуетін көрсетеді.

Біздің кейс-стади әлеуметтік жұмыс пен медицинаға қатысты жоғары білімнен бастап, құқық және бұқаралық ақпарат құралдарына дейінгі кәсібиліктің ауқымды алаңдарын жан-жақты қамтиды. Дегенмен, әрбір триах ерекше, әрі барлық оқиғалар аяғына дейін ашылған жоқ, олардың әрқайсысы кәсіптер бойынша дамып келе жатқан жаһандық көзқарасқа ықпал етеді. ■

Хаттарды ellen.kuhmann@ki.se жіберіңіз

¹ Бұл кәсіптерді зерттеу комитетінің қосқан үлесі (RC52). Зерттеу жүргізілген елдер және авторлар туралы толық ақпаратты мына сілтемеден көре аласыз http://www.isa-sociology.org/pdfs/rc52_professions_in_world_perspective.pdf

> Рахмет, Начо!

Изабела Барлинска, ХӘҚ-ның атқарушы хатшысы, Мадрид, Испания



ХӘҚ-да Начо деп танылған
Хосе Игнасио Рикеро.

1 987 жылдың қаңтар айында ХӘҚ файлдары тиелген контейнер Амстердамнан Мадридке жол тартты, осылайша ХӘҚ хатшылығының жаңа өмірі басталды. Заттарымызды реттестіріп, орналасқаннан кейін, Мадридте өтетін ХӘҚ-тың XII Әлемдік әлеуметтанушылар конгресіне дайындық басталды. Сол кезде ХӘҚ-та 2000 жуық мүше тіркелген (қазіргі 6000 мүшемен салыстырыңыз), конгресс бағдарламасы кәдуілгі қолмен терілетін баспа машиналарда жазылды, ал факс соңғы үлгідегі байланыс құралы болған еді.

Барлығымызға Начо ретінде таныс – Хосе Игнасио Регуера. Хатшылықтың мүшелігіне өткеннен бері 30 жыл бойы үздіксіз бірге қызмет жасап келеді. Бүгінде, ол зейнеткерлік жасқа жеткеніне аса қуанышты. Осы жылдар ішінде Начо қауымдастық мүшелерінің толық базасын жасады, ал интернет пайда болғаннан кейін ол ХӘҚ тұңғыш веб шеберіне айналды. Начо, Сіздің Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығын шағын ұйымнан бүгінгі әлемдік деңгейдегі заманауи құрылымға айналдырудағы ерен еңбегіңізге алғысымызды білдіреміз. ■